zangazet@mail.ru

№78 (3403) 1 қазан 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ БОЛУДАН ҚАЛЫП БАРАМЫЗ

«Қариясы бар ел – қазынасы бар ел». Қазақ өзін сөз қадірін білетін елге балайды. Әр сөздің астарына үңіліп, оның салмағын бағамдайды. Қариясын қазынаға балағанда да, оның астарындағы жүк салмағын екшеді, аға буын алдындағы жауапкершілігін сезінді. Алайда, бүгін осы сөзден де, істен де қадір қашқандай. Бір кездері қазынаға баланған қарттар қазіргі таңда қоғамның елеусіз бір тобына айналды. Оларға деген құрмет бір күндік қошаметтен әріге аса алмай отыр.

(Соңы 3-бетте)

ТАРАПТАР ҮШІН ТАТУЛАСУ ТИІМДІ

4-бет

ӨГЕЙ ӘКЕНІҢ ӨЛІМІ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Жанат ЕШМАҒАНБЕТОВ, ҚР Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы:

«ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ»

– Жанат Болатұлы, қылмыстық атқару жүйесіндегі реформалар, олардың жүзеге асырылу барысы қалай жүріп жатыр?

– Мемлекет басшысы адам құқықтарын қамтамасыз ету және қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіру мәселелерін үнемі назарда ұстап отыр. Осыған орай қылмыстық-атқару жүйесінің барлық реформаларының негізгі басымдықтары, бірінші кезекте, адам құқықтарын сақтау, сотталғандарды ұстау жағдайын жақсарту және пенитенциарлық инфрақұрылымды халықаралық стандарттарға сай жаңғыртуға бағытталды.

Қазіргі уақытта ішкі істер органдарында жаңғыртудың 2019-2022 жылдарға арналған және Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған екі жол картасын іске асыру бойынша шаралар жүргізілуде. Бұл бағдарламалық құжаттар пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу, өндірістік қызметті, пробация қызметін дамыту, сотталғандардың құқықтық жағдайын заңнамалық түрде жақсарту және т. б. жөніндегі іс-шараларды көздейді.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ДІНДІ ҰСТАЙ АЛСАҢ – ҚАСИЕТ, ҰСТАЙ АЛМАСАҢ – ҚАСІРЕТ

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – жастардың дәстүрлі емес діни ағымдарға көптеп бет бұруы. Бұған дейін қаншама қазақтың ұл-қызы діни түсінігінен адасып, өзге елдегі майданға аттанды? Қаншасы ажал құшты? Қаншасы темір торға қамалды? Қазір қаншасы теріс жолда жүргені тағы белгісіз...

Осы ретте дінді теріс насихаттаушылардың сөзіне алданып, заң алдында жауапқа тартылып, Түркістан облысы бойынша ҚАЖД қарасты ИЧ-167/9 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде жазасын өтеп жүрген сотталған азаматтармен әңгімелескен едік.

Бүгінгі таңда Түркістан облысының аумағында ИЧ-167/9 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесі жұмыс атқарады. Осы аталған мекемеде аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталғандар мен қылмыстардың қайталануы кезінде бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген 500-ге жуық сотталған жазасын өтеуде.

Оның ішінде Қылмыстық кодекстің экстремизм және терроризмге қатысты баптары бойынша 16 азамат сотты болған. Бұл сотталғандардың басым көпшілігі – интернет желісінің құрбаны болғандар.

Соның бірі – осы мекемеде жазасын өтеуші Азамат Қайырғалиев өзінің жасаған қателігіне өкінетінін айтып, өскелең жастарды радикалды дінді насихаттаушыларға алданып қалмауға шақырды.

– Тоғызыншы сыныпта «крутой» жігіттерге еліктеп шарап ішіп, темекіге әуестендім. Үйге ішіп келетінді шығардым. Анама дөрекі сөйлеп, балағат сөздерді айтып, қатты ренжіткен кездерім де болды. Сөйтіп жүріп мектеп қабырғасын орташа бағамен оқып, 9-сыныптан кейін Орал қаласындағы колледждің біріне «салық ісі» мамандығы бойынша оқуға түстім. Колледжде жаңа орта, жаңа достар пайда болды. Бір досым намаз оқып, мешіттен білім алып жүрді. Бір күні мен досыммен бірге мешітке бардым. Имамның уағызын тыңдап, діни сауатымды жетілдіруге тырыстым. Сол кезден бастап, дінге деген қызығушылығым күн санап арта түсті. Кейін ауылға қайтып келген соң, намазхан сыныптас достарымнан араласып, оларға өзімнің намаз оқуға ықыласымның ауғанын айттым.

(Соңы 3-бетте)

ҚАРТТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

ОЙТАЛҚЫ

Біздегі үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу үрдісі неге жойылып барады? Жастар мен аға буынның арасындағы алтын жіпті қайтадан қалай сабақтауға болады? Қарияларға қатысты қоғамдық көзқарасты қалай жақсартамыз? Осы сауалдарымызды мамандарға қойған едік.

Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ, «Педагогикалық ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы, Алматы қаласындағы «Отбасы институты» жобасының жетекшісі:

– Жастардың қарттарға деген көзқарасына интернет желісіндегі ақпараттың әсері мол боп тұр. Қазір, өзіңіз білесіз, жастардың қолынан смартфон, гаджет, планшет түспейтін болды. Ал онда дәстүршіл шығыстан гөрі, батыс елдерінің құндылығы көп насихатталады. Мен кезінде Германияда оқыдым. Сонда Еуропа елдеріндегі өзінің атасын танымайтын адамдарды көп көрдім. Мұның бәрі әке мен баланың бір-бірімен жақын араласпағандығынан болған. Сондықтан онда ата-ананың балаға, баланың ата-анаға деген қатынасы басқаша дамыды.

Жақыпбек АЛТАЕВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, философия ғылымдарының докторы:

– Жастардың қарттарға деген көзқарасы, құрметі қазір мүлде өзгеріп кетті деуге болмайды. Бұған қатысты әртүрлі пікірлердің болуы да заңдылық. Көп мәселе олардың көзқарасы, ойы, тәрбиесіне байланысты. Мен өзім университте сабақ беретіндіктен, олардың көзқарасын сыйлаймын. Олар туралы да әрдайым оң пікірдемін. Әрине, көпшілік болған соң әртүрлі адамдардың болуы қалыпты нәрсе ғой. Кейде жастарды сынап-мінеп жүрген адамдар «біз бұрын анадай едік, мынадай болғанбыз» дегенді көп айтады. Алайда оны ешкім білмейді ғой.

Ал Кеңес Одағы құлаған соң, сол кезде болған жастар ұйымдарының орнын басатын басқа ұйымдар құрылған жоқ деген әңгімемен келісуге болады.

(Соңы 3-бетте)

БАСТАМА

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ СӘТТІ ҚАДАМДАРЫ

Мемлекет басшысы халыққа арнаған алғашқы жолдауында әкімшілік әділет институтын енгізудің маңызын айтып, жаңа бастаманың жүзеге асуына мұрындық болған еді. Әкімшілік әділеттің мақсаты – сотқа белсенді жәрдемдесу арқылы жеке тұлғалар мен әкімшілік органдар арасындағы дауларда тараптардың теңдігін қамтамасыз ету.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді және жаңадан құрылған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмыс істей бастады. Олардың қызметі осы институтты іске асыруға бағытталған.

Жаңа соттардың ведомстволық бағыныштылығына жария-құқықтық даулар жатады. Мысал ретінде жер пайдаланушы мен әкімдік арасындағы жер учаскесін беруден бас тарту туралы қаулыға шағымдану туралы дау; атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер (өндіріп алушы) мен атқарушылық іс жүргізуді қозғау жөніндегі заңсыз әрекеттерге талап қою бойынша сот орындаушысы арасындағы дау; салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күшін жою туралы дау бойынша салық төлеуші мен салық органы арасындағы дау және т. б.

Шығыс Қазақстан облысында арнайы құрылған соттың төрешісі болғандықтан, сот ісін жүргізу барысындағы алғашқы екі айда қорытқан ойларымменбөліскім келеді. Жұмысымыздағы оң әсер деп қаралып жатқан іс аясында тараптарға белсенді және ашық түрде ықпал ету мүмкіндігін айтуға болады. Мәселен, процеске қатысушылар бұрын АПК шеңберінде жасалған соттың белсенді іс жүргізу әрекеттерін тараптардың біріне артықшылық беру, теңдік және жарыспалылық қағидатын бұзу деп қарастыратын. Ал қазір істің жетпеген құжаттарын сұратып, қосымша ақпараттар жинауға соттың толық құқығы бар. Менің ойымша, ӘРПК-нің тағы бір маңызды құралы – тараптардың татуласу мүмкіндігі, бұл мүмкіндік бұған дейін АПК-нің 29-тарауының ережесінде болмаған. Ал жеке тұлға мен мемлекеттік органның бейбіт жолмен дауға нүкте қоюы өте пайдалы.

Атап айтқанда, жақында Өскемен қаласының бірнеше тұрғыны әкім мен ТКШ бөліміне көшелерді жөндеуге қаржы бөлуге қатысты дау айтты. Келіссөздер, соттың түсіндірмелері арқылы тараптар келісімге келді, оның шарттары бойынша жауапкерлер аталған мәселені келісілген мерзімде қаржыландыруға бастамашылық жасау үшін нақты шаралар қабылдауға міндеттенді.

Жалпы, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты өткен кезеңде 30 іс бойынша осындай келісімді бекітті, яғни даулардың шамамен 10%-ы бейбіт жолмен шешілді.

Рсалды КАКИШЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЖЕМҚОРЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлық дерті, оның алдын алу мәселесі – бір мемлекеттің емес, әлемнің көптеген елдерінде күн тәртібінен түспей тұрған тақырып. Сол себепті де мұнымен күрес халықаралық ұйымдар тарапынан қызу қолға алынған. Дендеп бара жатқан дерттің алдын алу үшін 2003 жылдың 9 желтоқсанында БҰҰ Жемқорлыққа қарсы конвенция қабылдады. Сол кезден бүгінгі күнге дейін дүниежүзінің 140-тан астам мемлекеті осы конвенцияға қол қойса, 80-ге жуығы ратификацияланды. Соның ішінде Қазақстан 2008 жылы ратификацияланып, бұрынғы кеңестік республикалар арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады.

САНАНЫ ӨЗГЕРТПЕЙ, СЫБАЙЛАСТЫҚ ТЫЙЫЛМАЙДЫ

Жемқорлықты түбірімен жою мақсатындағы жұмыстар әрі қарай жалғасын тауып, алдын алуға айрықша көңіл бөлінді. Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлеу» бөлігінде көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қабылданды. Аталған заңның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнан айырмашылығы – мемлекеттік және жеке сектордағы жемқорлықты бағалау үшін алғаш рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау ұғымы енгізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сот саласында да қарқынды жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары судьялыққа үміткерлерді іріктеу жүйесінің қатаңдатылып, оларға қойылатын талаптардың күшейтілгені, судьялардың біліктілігін арттыру жүйесінің жаңартылғаны және жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілгені осы сөзіміздің бір ғана дәлелі бола алады. Сондай-ақ, қазақстандықтардың сотқа жүгінуге деген сұранысы қарқын алғанымен, ол сапаға кері әсерін тигізіп отырған жоқ. Статистикаға сүйенсек, соңғы 5 жыл көлемінде республика соттары қараған азаматтық істердің саны жыл сайын өсіп отырған. Соған қарамастан, заңды әрі негізді сот актілерінің пайыздық көрсеткішінің арту үрдісі қалыптасып үлгерді.

Судьялардың VII съезінде қабылданған «Судья әдебі кодексі» де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға барынша қызмет етеді. Айталық, кодекстің бірінші бабында судья берілген антына берік болуға, оның әрекеттері судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, сот төрелігін іске асыруға, қоғамдық қызмет пен тұрмысқа байланысты кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде әдепсіз жүріп-тұрудың көріністеріне жол бермей, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиістігі қамтылған. Ал екінші бапта судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етулерге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қыр көрсетулерге, қысым жасау мен құқықтық емес әсерлерге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруға тиіс екендігі айтылған. Міне, осы кодекс белгілеген шектеулерден шықпаған судьяның сыбайлас жемқорлыққа жол беруі мүмкін емес.

Жемқорлықтың тамыр жаюының алдын алу үшін жастармен жұмыс істеуді жандандырудың тиімділігі басым болмақ. Дәлірек айтқанда, қай салада болса да жұмыс істеп жүрген жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыруға көп көңіл бөлген дұрыс. Жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесудің алғышарты болмақ.

Айгүл ОТАУБАЕВА,
Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

СПАРТАКИАДА

СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ САЙЫСТА ДА БЕЛСЕНДІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен «Қазақстан Республикасының судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 25 жыл толу мерейтойына орай Қызылорда облысы соттарының қызметкерлері арасында спартакиада өтті.

Шараның ашылу рәсіміне Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы С.Сүлеймен, ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының хатшысы, Қызылорда облысының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы Г.Мырзатаева, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Ж.Тажымаханов және сот қызметкерлері қатысты.

С.Сүлеймен шараны ашып: «Мұндай жарыстар ұжымда сыйластықпен қатар достықтың одан әрі жандана түсуіне үлесін тигізеді», – дей келе, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Спорттық шараның басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілер арасында бұқаралық спортты дамыту, сот қызметкерлері арасында достық пен өзара ықпалдастықты арттыру. Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары мен Байқоңыр қалалық сотынан құралған білекті «Барыс», Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандық соттарының сұңғылалы «Сұңқар», Қызылорда қалалық және Қызылорда қаласының №2 сотының намысын қорғаған «Қанағат», мамандандырылған соттардың жасындай жарқылдаған «Найзағай» және Қызылорда облыстық сотының абыройын асқақтатқан «Айбын» командалары спорттың сегіз түрінен мықтыны анықтады.

Жарыстың шымылдығы алғаш болып жасыл алаңда төселген аяқдоп шеберлерінің тартысты ойындарымен ашылды. Миллиондардың сүйікті ойынына айналған футбол бәсекесінің көркін қыздырған командалар сайыстың басты бәйгесін қолдан оңай бергісі келмеді. Алайда спортта бір ғана жеңімпаз болатыны анық. Финалда текетірескен қос мықты «Айбын» мен «Қанағат» көрерменге естен кетпес ойын сыйлап, «Айбынның» асығы алшысынан түссе, ақтық сайыста сүрінген «Қанағат» жігіттері екінші орынды қанағат тұтты. Жүлделі үшінші орын «Барыстың» қоржынында кетті.

Сонымен қатар спорттың бұл түрінен жекелей номинациялар да үлестіріліп, нәтижесінде «Үздік қақпашы» болып Ш.Аманқұлов, «Үздік қорғаушы» Қ.Қайназаров, «Үздік шабуылшы» А.Арғынұлы және «Үздік ойыншы» И.Кокчиев танылды.

Сайыс «күш атасын танымас» деген алып білекті, арыстан жүректі қол күресі шеберлерінің айқасымен жалғасты. Жігіттер мен қыздардан құралған команда-

лық сында «Барыс» бірінші орынды иеленсе, кейінгі орындарды «Найзағай» мен «Айбын» өзара бөлісті. Т.Тілеубаева, Л.Гриценко, М.Жүгінісова, Т.Әмір, А.Мусаев пен Д.Смаиловтар өз командаларының үздік атануы үшін бар күшін салды.

Алыптардың айқасы гір көтеру сайысына ұласты. Нағыз ерлер бәсекесінде «Найзағай» үшінші, «Айбын» екінші, «Барыс» бірінші орынды қанжығасына байлады. Алып күш иелері С.Жүзбай мен Д.Айтбаев үздіктер көшін бастады.

Ерік-жігерін қайраған сайыпқырандар бәсекені арқан тарту сайысымен қыздыра түсті. Не бел, не белбеу кететін, күшпен бірге топтық рух та жұмыс жасайтын спорттың бұл түрінен мықтыны анықтау оңай болмады. Алайда қарсыластарын қапыда қалдырған «Айбынның» айбынды өрендері бірінші, «Қанағат» пен «Сұңқардың» мықтылары екінші және үшінші орындарды місе тұтты. Б.Римов, Г.Султанова, Ж.Сырғабаева, Е.Жетпісбайлы, Ж.Оспановтардың жеңіске деген ұмтылыстары көпшіліктің көңілінен шықты.

Сайыстың келесі түрі есепке құрылған дойбы ойыны еді. Ақ-қара тастарды шаршы тақтада оңды-солды ойқастата жүргізетін, ой мен саусақты қатар қимылдатып, тұтқиылдан шабуыл жасай салатын сабырлылар ойыны да қызыққа толы болды. Шақпақ тақтайды серік қылғандардың сиқырлы сайысында «Айбынға» тең келер қарсылас табылмады. Чемпионнан сәл ғана жеңіліс тапқан «Сұңқар» екінші орын алса, «Найзағайлық» есепшілер үштікті түйіндеді.

Желмен жарысқан жүйріктер жарысы да көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады. Алдымен 100 метрге жүгіруден ерлер сайысы өткізіліп, атына заты сай «Барыстық» желаяқ қарсыластарынан оқ бойы озық келді. Мәреде қатар шыққанымен, сөреге адым ғана кеш келген «Айбын» мен «Найзағай» кейінгі орындарға жайғасты. Сайыстың осы түрінен 60 метрге жүгіруден «Айбындық» ару командаласының кеткен есесін қайтарып, жеңіс тұғырынан көрінсе, «Найзағай» мен «Сұңқар» сызықты екінші, үшінші болып қиды.

Қаланың қақ ортасын азанқазан қылған байрақты бәсеке командалық эстафетамен аяқталды. Жылдамдық пен айлакерлік, күш пен есеп қатар көрінетін аламан бәйгеде топқа қосқан торы аттай тулаған «Найзағайлық» сайыпқырандар қарсыластарын шаң қаптырса, «Айбын» екінші келді. «Барыстықтар» өздерін қанша қамшыласа да, үшінші орыннан ары аса алмады.

Осылайша, тарих қойнауына кеткен алғашқы сайыста жалпы командалық есепте «Айбын» командасы спартакиаданың басты бәйгесін жеңіп алды. Екінші орынды «Найзағай» иеленсе, одан бір ғана ұпайға артта қалған «Барыс» командасы үшінші орынға табан тіреді. Жарыс жеңімпаздары ұйымдастырушылар арнайы дайындаған кубок, грамота және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

КИЕ

КӨРКЕМ ТІЛІМІЗ КЕМДІК КӨРМЕСІН!

Тіліміздің тарихы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Тіл тарихында орын алған түрлі қиындықтар мен дағдарыстардың объективті себептері бар. Біріншіден, қазақ халқы үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қыспағында болып, ұлт ретінде жойылып кетудің бірнеше сатыларын бастан кешірді. Екіншіден, жоңғар шапқыншылығының халқымызға тигізген зардабы да орасан зор болды. Үшіншіден, кеңес өкіметі жетпіс жылдан астам уақыт бойы ұлттардың жақындасуы деген желеумен ұсақ ұлттардың тілдеріне қысым жасап келгені белгілі.

Тіл аясы азаматтардың өзара қарым-қатынас тілі болумен шектеліп қалмайды, оның мұрағаттық, ақпараттық қасиеті де мол. Қазақ тілі бай да құнарлы тілдер қатарынан. Бабаларымыздың тарихы, шежіресі және түрлі әдеби мұрасы бүгінгі ұрпаққа осы ана тіліміз арқылы жетіп отыр.

Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер де баршылық. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез келген мемлекет өзінің салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілі Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Ақнұр МЫРЗАБАЕВА,
Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ БОЛУДАН ҚАЛЫП БАРАМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазан айы өте сала қарттық туралы әңгіме ұмытылып, барлық жерде жұрт қоғамды өзгертетін, болашақты өз қолымен жасайтын жастар туралы жалынды сөздерін қайталай бастайды. Осыған қарап кейде зейнет жасынан асқан соң өзін қоғамға керексіз боп қалғандай сезіне бастайтындар аз емес. Өйткені Үкіметтің өзі «бізге үміт артпа, бойында күш-қуатың барда жалақының бір бөлігін бірыңғай зейнетақы салымдарын жинақтау қорына аударып, осы бастан қам жаса» дегенді соңғы 20 жылдан бері әрдайым халықтың есіне салып келе жатыр. Бұл тәуелсіздік дәуірінде өмірге келіп, нарықтық қоғамға ерте бейімделген буын үшін қалыпты жағдай көрінуі күмәнсіз. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қиыншылықтың бәрін көріп, ауыр еңбектің енді жемісін жейтін кезде кейбірінің 40-50 жылдық еңбек өтілі болса да, Үкімет тағайындаған зейнетақыны не еміне, не өзінің күнделікті ішіп-жеміне жеткізе алмай, пұшайман болып жүрген біріміздің әке-шешеміз, екіншіміздің ата-әжеміздің қазіргі жағдайы кісі қызығарлықтай емес.

ҚР Конституциясының 28-бабына сәйкес, Қазақстан азаматына ауырған, мүгедек болған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негізде ең төменгі жалақы мен зейнетақыға, жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі. Заң бойынша зейнетақы – бұл мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің және жасына байланысты төленетін зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы. Біз бұл арада еліміздегі базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесін емес қоғамның зейнеткерлерге деген құрметін, көзқарасын сөз етіп отырғандықтан, оған тереңдеп бармаймыз. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне қарағанда, шілде айында республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 222,2 млрд теңге бөлінген. Оның 68,1 млрд теңгесі базалық, 154,1 млрд теңгесі ынтымақты зейнетақы төлеуге арналған. 1 тамыздағы жағдай бойынша, елдегі зейнеткерлер саны 2 млн 238 мың адамды құрап, зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері базалық зейнетақыны қоса есептегенде 99 921 теңге болды. Ол 1 маусымда 100 009 теңгені құраған еді.

Электронды үкімет сайтындағы мәліметке қарағанда, зейнеткердің 2 миллионы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушылар. Оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз немесе болмаған жағдайда ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) 54%-на тең. 10 жылдан асқан кезде әрбір өтелген жыл үшін базалық зейнетақы 2%-ға ұлғайтылады. Мысалы, еңбек өтілі 20 жыл болғанда, ЕТКД-нің 74%-ын, 30 жыл жұмыс істегенде ЕТКД-нің 94%-ын, 33 жыл және одан астам болғанда ЕТКД-нің 100%-ын құрайды. Яғни 2019 жылы басталған пандемия жағдайында зейнеткерлердің жағдайы жыл өткен сайын төмендемесе, жақсара қойған жоқ.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, әрбір бесінші зейнеткер қаржылық жағынан қиындық көруде. Оны ұлттық статистика бюросының мәліметінен де аңғаруға болады. Мәселен, жұмыс істеп жүрген 65 жастан асқан зейнеткерлер саны былтыр 2019 жылмен салыстырғанда 20 пайыз, ал 2013 жылға қарағанда 41 пайызға артқан. Яғни күнкөріс үшін жастармен жағаласып, әлі жұмыс істеп жүрген қариялардың әрекеті кейбіреулер айтып жүргендей «Өсетін елдің қарты қазына болар, өспейтін елдің қарты қазымыр болар» деп мысқылдайтын нәрсе емес. Бұл қоғамның ащы шындығы, күрмеуі күрделене түскен түйткілді мәселесі.

Бұл мәселе сейсенбіде «Педагогикалық ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасының қолдауымен жүзеге асып жатқан «Отбасы институты» әлеуметтік жобасы бойынша ұйымдастырған шарасында да сөз болды. Жоба тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, отбасы құндылықтарын арттыру, жастар арасында отбасы институтын нығайту, жастарға көмек көрсетуге бағытталған. Психолог Нұржамал Сүйсінованың айтуынша, қазір ата-ана болу мәселесі қоғамда күрделенген. Оны «Бақытты отбасы» орталығына көмек сұрап келетіндерден де байқауға болады. Онда, әсіресе, әйелдер депрессия, стресс, психологиялық қысыммен ғана емес, отбасындағы, қызметтегі агрессиямен де көп шағымданады. Бұл менталитетке де байланысты. Қазақы тәрбиемен өскен әйелдер отбасындағы әңгімені сыртқа, сырттағы әңгімені үйде көп шығармайды. Ене мен келіннің, абысындардың өз арасындағы қарым-қатынас балалар тәрбиесіне де ықпал етуде. Жесір әйелдер де айналадағы адамдардан агрессияға көп ұшырауда. Мұның бәрі үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге деген ізеті мен құрметіне сызат түсіруде. Егер мемлекет бұл мәселені науқанға айналдырмай, ғылыми түрде зерттеп, жүйелі түрде шешу жолдарын қолға алмаса, бұл елдің болашағына да зор қауіп төндіруі мүмкін. Халықтың өмір сүру жасының орташа көрсеткіші қазір 68,5 жасты құрайды. Бұл ерлер арасында 63,2 жасты, әйелдер арасында 74,1 жасты құрайды. Ал БҰҰ-ның экономикалық және әлуеметтік мәселелер бойынша департаментінің халық санағы бөлімінің деректері бойынша әлемдегі орташа өмір сүру ұзақтығы 71 жасқа жуықтаған. Яғни 2030 жылға дейін дамыған 50 елдің қатарына кіруді мақсат тұтып отырған мемлекетте қазір өмір сүрудің орташа көрсеткіші әлемдік деңгейден 3 жасқа төмен. Мұның өзі Қазақстанның әлеуметтік, медициналық және экономикалық даму көрсеткішінің олқылықтарын көрсетеді. Егер халық бақуатты өмір сүріп, өз тұрмысына қанағаттанатын болса, зейнетке шыққаннан кейін де жұмыс істеуге ешкім құлықты болмасы анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ДІНДІ ҰСТАЙ АЛСАҢ – ҚАСИЕТ, ҰСТАЙ АЛМАСАҢ – ҚАСІРЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Солардың үйретуімен 2012 жылы ораза айында ораза ұстап, бес уақыт намаз оқи бастадым. Дін жолына түсіп, намаз оқып, сабырлы болғанымды көріп анам қатты қуанды. Қуанғаны соншалық, намаз оқып отырғанымда сүйсіне қарап тұратын. Анамның күлімсіреген сол бейнесі әлі көз алдымда. «Дінді ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» демекші, діни сауаттылығымның болмауының және өзгелердің сөзіне еруімнің салдары түрмеге қамалуыма әкеп соқты. Бұлай болады деп кім ойлаған?! Әрине, кінә өзімнен, – деді Азамат.

Ол алғашында өзінің діни ілімі бар имамдардан дәріс алмай, достарының сөзіне еріп, теріс жолды таңдағанын аңғармады. Өзіне жақын тартқан достары оны алдамайды, теріс жолға жетелемейді деп ойлады. Соларға еріп Азамат та сақал өсірді, шалбардың балағын кесті. Өзінің айналасындағылардың бәрі оған харам.

МЕН ТЕРІС ІЛІМДІ ҒАЛАМТОРДАН АЛДЫМ

– Алғашында мешіт имамдарынан намазды Әбу Ханифа мазһабы бойынша үйреніп, оқи бастадым. Достарымның ықпалымен Сауд Арабиясының шейхтары Абдулуахабтың кітаптарын оқып, мәзһабтан бас тартып, намазды «сүнна» бойынша оқыдым. Дінге өзім қызыға бастадым. Мен ұстазға барған емеспін. Діннен хабарым болмағандықтан, сұраққа жауапты өзім іздедім. Кейіннен бір-біріміздің кімнен білім алуға болатындығын сұрастырдық. Интернет желісінен араб елдерінің шейхтарының жағымсыз уағыздарын тыңдап, мешіт имамдарын адасқан, бидғатшы «дінге жаңалық енгізуші, адамдарды адастырушы» деп айыптадым. Теріс дінді уағыздаушылардың мына сөзін санама түйіп алдым: «Мұсылман мен кәпірдің айырмасы – намаз» деген хадисті теріс түсініп, намаз оқымайтын адамдарға «кәпір» деп қарадым. Олармен соғысу керек, оларды өлтіру сауап іс, осы жолда шаһид болған адам Аллаға жақын болады» деген ұстаным санамды жаулап алды, – деді ол.

«ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІ ЖОЛЫНДА» СОҒЫСҚЫМ КЕЛДІ

Теріс ағымның жетегінде кеткен ол «Ислам мемлекетіне» барып, соғысқысы келгенін де жасырмады.

– Радикалды діни көзқарасты жақтаушылар «Сен ешкімді тыңдамауың керек, тек олардың ғалымдарының айтқаны ғана дұрыс. Барлық әлем сенің жауың, барлығы тек саған жамандық тілейді, барлығы исламға қарсы жауласып, оны құртқысы келеді» деп үйрететін. Сол себепті, «қазақ жерін «кәпірлер» елі» деп қабылдадым. «Жер бетінде шариғатпен үкім ететін ислам мемлекеті үшін соғысу керек» деген сөзді қолдадым. «Өзін «мұсылман» деп санайтын адам сол елге хижрат етіп немесе көшіп барып, сол жақта өмір сүру керек» деп ойладым. 2016 жылы жаз айларында Ақтөбе қаласында Ирак пен Шамдағы ислам мемлекетін қолдап жүрген бір топ адам қарулы қақтығыс жасады. Бірнеше адам қайтыс болды. Олардың әрекетін «дұрыс» деп ойладым. Айналамдағыларға олардың жасаған ісін елі мен жері үшін күрескен нар тұлғалы батырларды сомдаған жыраулар секілді насихаттай бастадым. Осы оқиғадан кейін экстремистік «Ислам мемлекеті» халықаралық ұйымына қосылмақ болдым. Сөйтіп, сегіз адамнан құрылған топ Орал қаласында қақтығыс ұйымдастыруды жоспарлап жүрген кезде дайындық үстінде қолға түстік. ҚР ҚК-нің бірнеше баптары бойынша айыпталып, 11 жылға бас бостандығымнан айырылдым. «Терроризмді насихаттаушы», «діни алауыздықты тудырушы» деген айып тағылды, – деді Азамат.

ӨЗГЕРГЕН ӨМІР

Ол салафиттік ағымға бет бұрғанға дейін өзінің мүлдем бөтен адам болғанын айтады. Осы бағытқа бет бұрғаннан кейін өзгергенін де жасырмады. Өзінің теріс жолға түскенін түсініп, теолог мамандардың кеңесінен кейін тура жолды таңдады.

– Ата-анамды, ағайын-туыстарымды, дос-жаранды «кәпір» деп, араласпай кеттім. Әке-шешемнен жиі сөзге келіп қалатын едім. Менің теріс жолға түскенімді сезген ата-анам мешіт имамдарынан кеңес сұрай бастады. Ал, мен болсам оларға «Имамдар мен үшін білімді ғалым емес, олар Құрандағы хадисті теріске шығарып, үкіметтің айтқанын ғана қайталайтын ғалымдар» деп сөз таластыратын едім. Қазіргі уақытта Түркістан облысындағы ИЧ-167/9 мекемесінде жазамды өтеп жатырмын. Оңалту жұмыстарын жүргізетін мекеме қызметкерлері мен имам-теологтардың діни танымдық түсіндіру жұмыстарының арқасында көп нәрселерді білдім. Сирия жеріндегі жағдай діни жағдай емес, саяси қарулы қақтығыс екенін түсіндім. Бидғат, такфир, хижрат, тағут мәселелерінің кең мағыналарын түсінбей, радикалды көзқарастарда болғаным надандығым екенін ұқтым. Бір адамның ғана айтқанын тыңдап, көзсіз еріп кетуге болмайтынын, дін мәселесінде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасына жүгіну керектігін түсіндім. Мекеме қызметкерлері мен имам-теологтарға айтар алғысым шексіз, – деді ол.

Өзінің діни білімсіздігінің кесірінен теріс ағымның жетегінде кеткен жігіт өз ісіне өкінетінін де жасырмады.

– Мен өзімнің жасаған қателігіме қатты өкінемін. Ағайын-туыстарыма, жанашыр достарыма, көршілеріме ауыр сөздер айтқаным үшін шын жүрегімнен кешірім сұраймын. Жастардың діни сауаты мықты болуы үшін, «діни тану» сабағын мектептен оқытқан жөн деп ойлаймын. Себебі, мен тоғызыншы сыныпты бітіріп, колледжге түстім. Діни білімім болмағандықтан, әркімнің сөзіне еріп, өз еліме қастандық жасай жаздадым. Жастар ғаламтор арқылы діни білім алып, шетел ғалымдарының сөзіне сенбей, діннен хабары бар мешіт имамдарынан білім алғанын қалаймын. Біздің еліміздің имамдары қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін білетін имам-теологтарды тыңдауы керек, – дейді сотталушы.

АТА-АНАМНАН КЕШІРІМ СҰРАЙМЫН

– Сіздердің газеттеріңіз арқылы, ең алдымен, өзімнің жасаған қателігім үшін ата-анамнан кешірім сұраймын. Осы жасаған ісім үшін қатты ұяламын. Бәрінен бұрын ата-анамның мені кешіргенін қатты қалаймын. Олар маған деген сенімін жоғалтпаса екен. Мен өзімнің жасаған қателігімді түсіндім. Әрбір айтқан дөрекі сөзім мен жасаған ісім үшін өкінемін. Жазамды өтеп шыққаннан кейін ата-анам, отбасым үшін өмір сүремін. Менің санамды ұлаған теріс ағымнан дер кезінде құтқарғандарға да алғыс білдіремін. Полиция қызметкерлері менің әрекетімді аңғарып, құрықтауға кіріспегенде, қаншама жазықсыз жанның қанын мойныма жүктер едім? Шетел асып «ислам мемлекеті» үшін соғысамын деп өліп кетер ме едім?! Азғырушылардың жетегінде кетіп, мүлдем тұңғиыққа батып, отбасымды, ата-анамды көре алмас та едім. Бүгінгі таңда адасқан көзқарасымнан қайтып, тура жолға нық тұрдым. Отбасыма тезірек оралып, менің қателігім үшін өкініштен қан жұтып, қайғыра жылап отырған анамды жұбатып, оның ризашылығын алсам деймін, – деп көз жасына ерік берді Азамат.

– 2021 жылдың 9 айында ИЧ-167/9 мекемесіне жалпы саны 76 рет діни ұйымдардың өкілдері келіп, радикалды идеологияға иммунитет қалыптастыру және радикалсыздандыруға бағытталған ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, облыстық дін істері басқармасының діни тану шы мамандары мекемедегі сотталған азаматтармен кездесулер мен профилактикалық сұхбаттар жүргізіп, дәстүрлі дінді санасына сіңіру, теріс діни ағымнан бас тартуына ықпал ету мақсатында дәрістер жүргізді. Соның ішінде деструктивті діни ағымды ұстанушы және мекемеге жаңадан келіп жатқан сотталғандарға көп көңіл бөлініп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапалы жүргізілуінің арқасында қазіргі таңда сотталғандардың діни көзқарастары түзеліп, дәстүрлі діни ағымды санасына қалыптастырып, оңалту жұмыстары нәтижесін беруде, – деді Түркістан облысы бойынша ҚАЖД қарасты ИЧ-167/9 мекемесінің теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру инспекторы, әділет капитаны Бахтияр Таутеев.

Осындайда ислам дегеніміз сырт пішін емес, ең алдымен ыждаһат, иманға келу, адалдыққа ұмтылып, сабырлық таныту, мұқтаж жандарға көмек беру, ашу-ызаны ақылға жеңдіру, кешірімшіл болуды меңзейтін ілім екені кейде ескерілмей қалатыны қынжылтады.

Раушан НАРБЕК,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАРТТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ, «Педагогикалық ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы, Алматы қаласындағы «Отбасы институты» жобасының жетекшісі:

– Сол енді бізге де келіп, оның ықпалы қатты тиіп жатыр. Ең өкініштісі жағдай қазір осы боп тұр. Біз жастарымызды теріс ақпарат легінен қорғай алмай отырмыз.

Бұл ең алдымен менталитке байланысты. Бір-біріне деген бауырмалдығы аса байқалмайтын Еуропа халықтарының менталитеті бізден мүлде бөлек. Отбасылық құндылықтарда үлкен айырмашылықтар бар. Онда бәрі қалыпты жағдай көрінгенімен, бізде үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге деген қарым-қатынасы әрдайым байқалып тұрады. Алайда тәуелсіздік жылдары еліміз жастар тәрбиесін мүлде қолдан шығарып алды. Онда әлі күнге дейін мемлекеттік идеологияны жасай алмай келе жатырмыз. Бұрын жастарды мектеп қабырғасынан бастап октябрят, пионер, комсомол ұйымдары тәрбиелейтін. Кеңес Одағы құлаған соң, олардың орнын басатын басқа жастар ұйымдарын құра алмадық. Содан бастап жастар тәрбиесінде вакуум пайда болды. Кезінде жастар ұйымдарының идеясы мен идеологиясы мықты болатын. Біз оның орнын толтыра алмаған соң, бос вакуумға кім кіргісі келсе, сол еніп кетті. Одан шығудың енді бір ғана жолы бар – жастар тәрбиесін қайта қолға алу қажет.

Жақыпбек АЛТАЕВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, философия ғылымдарының докторы:

– Бос қалған жерді толтыратын мықты идеология болу керек еді. Алайда ол назардан тыс қалып қойды.

Қазір жастар арасында дінге деген көзқарас оңалды ғой. Бірақ дінге деген көзқарас дұрыс болу керек. Оның пайдасы аз емес. Діннің рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ оны дұрыс түсіндіріп, дұрыс насихаттау қажет. Сондықтан жастар арасында идеологиялық жұмысты әрдайым күшейтіп отыру керек. Қазір онда кемшін тұстарымыз болғанымен, жасалып жатқан жұмысты да жоққа шығаруға болмайды. Жастар арасында ынталандыру, қолдау, отансүйгіштікті насихаттауға бағытталған іс-шаралары жер-жерде жүргізіліп жатыр.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

КОДЕКС

СОТ АЛДЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ БӘРІ ТЕҢ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне іс өндірісін жүргізуде бұрын болмаған жаңа қағидаттар (принциптер) енгізілген. Ол қағидаттар жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, мүдделерін толық іске асыруға, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайтуға, мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы туындаған дауларда теңсіздікті жоюға бағытталған.

Бұл тұрғыда соттың белсенді рөлі қағидаты шеңберінде соттарға берілген жаңа мүмкіндіктері даулардың әділетті, сапалы шешілуіне өз ықпалын тигізеді.

Мәселен, соттар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындай алады. Әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, сот істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттей алады.

Істі қарайтын судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сотқа құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және өзгертуде жәрдем көрсетуге құқық берілген. Сот процестің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетеді.

Яғни, азаматтық іс жүргізудегі заң мен соттың алдындағы теңдігі қағидаты қолданылмай, әкімшілік істер бойынша мемлекеттік органның, лауазымды тұлғаның және талап қоюшының (жеке немесе заңды тұлға) арасындағы теңсіздікті осы соттың белсенді рөлінің негізінде жоюға мүмкіндік берілген.

Егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинай алады.

Кодексте бұрын болмаған жаңа тәртіптер енгізілген. Мәселен, егер тиісті жауапкерді тартуға талап қоюшы қарсы болса, сот өз бастамасымен оны қосымша жауапкер ретінде іске тарта алады. Азаматтық іс жүргізуде тиісті жауапкерді талап қоюшы ауыстырмаса, сот талапты қанағаттандырудан бас тартады.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде дәлелдеу ауыртпалығы да жаңаша бекітілген. Атап айтқанда, дау айту жөніндегі талап қою бойынша – ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдаған жауапкерге жүктелген. Жауапкер дауланған шешімінің немесе әрекетінің заңдылығын сотта өзі дәлелдеуі тиіс.

Мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша – сұратылып отырған әкімшілік актіні қабылдаудан бас тарту үшін негіз болған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы негізделетін фактілер бөлігінде талап қоюшы көтереді.

Кодекстің талабы бойынша жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Яғни жауапкер өз актісін қабылдаған кезде, оған қажетті негіздемесін жазбаса, ұмытып кетсе, кейін ол актісі дауланған кезде сотта оған сілтеме жасауға мүмкіндігі болмайды. Бұл жағдай мемлекеттік органдарының өз актілерін сапалы түзілуінің бір тетігі болып табылады.

Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

МЕДИАЦИЯ

ТАРАПТАР ҮШІН ТАТУЛАСУ ТИІМДІ

Өмір бар жерде өзара келіспеушілік, екіжақты дау болатыны заңдылық. Атам қазақ мұндай дауларды үлкен даналықпен шешіп отырған. Қателігін өзі қайталамас үшін, бір жағы өзгелерге сабақ болу үшін айыптыға құн төлетіп немесе дауды ушықтырмай, дала даналары тараптарды татуластырумен тарқатып отырған. «Елу жылда ел жаңа» демекші, қазіргі жағдай өзгеше. Әрине, ақсақалдардың араласуымен дауға нүкте қойылып отырған оқиғалар да жоқ емес. Дегенмен, қазіргілер дау туындаса билерге, ақсақалдардың көмегіне жүгіну орнына сотқа шағымданады.

Судьялар Одағының кезекті бір съезінде Елбасы Н.Назарбаев: «Дауды шешетін бұрын дәстүрлі дала билері болды, ара ағайындар, бітімге шақыратын ел ішіндегі беделді кісілер болды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді дала демократтары, «туғаны жоқ» тура билердің елдегі бірлік пен татулықты сақтау үшін қара қылды қақ жарып, төбе билік көрсеткен замандар өтті. Қазір даулы кісі бұрынғыдай ел ішіндегі жақсыға бармайды. Істі болып, басы ауырғанның қазіргі барар жері құзырлы мекемелер, яғни заң орындарына, сотқа жүгінеді», – деп атап өтіп, сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту мәселесіне көңіл бөлуді, даулар мен жанжалдарды соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізуді тапсырғалы көптеген іс атқарылып келеді.

Медиация дүние жүзі бойынша дауды реттеудің кең тараған түрлерінің бірі болып табылады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында 95 пайыз, Ұлыбританияда 87, Словенияда 35 пайыз даулар сот талқылауына жетпей, бітімгершілікпен шешіледі екен. Медиацияның тиімділігі неде? Өмір тәжірибесінің өзі көрсетіп отырғандай, кез келген мәселенің сотта қаралуы бір күнде немесе бір аптада түбегейлі шешіле қоюы әсте қиын. Ал «Медиация туралы» заң кез келген азаматтық келіспеушіліктерді апталап, айлап қарамай-ақ, істің күрделілігіне қарай бір-екі сағатта немесе бір күнде шешуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, ең алдымен, азаматтардың алтын уақытын үнемдесе, екінші жағынан, материалдық шығын шығаруға да мәжбүрлемейді. Төленуі тиіс баж салығы талапкердің өзіне қайтарылып беріледі. Ең бастысы, сотта тараптардың бір жағы міндетті түрде жеңілетін болса, медиацияда ұтылу деген ұғым болмайды. Дау да біржақты тоқтайды.

Бүгінде медиация, татуластыру институттарының аясы кеңейді. Судьялар бұрынғыдай емес, тараптарға қолданыстағы заң талаптарын, бітімгершілік рәсімдерін жан-жақты түсіндіреді. Тараптардың бірі дауды тек сотпен шешкісі келсе, енді бірі сот медиациясына немесе медиаторлар көмегіне жүгінуді қалайды. Кейбірі дауды партисипативтік тәсілмен, яғни, адвокаттар арқылы шешкен де оңтайлы. Бұл ретте, соттарда олардың кез келген шешімі құрметтеліп, талап-тілектері қолдануда.

Азаматтық-процестік кодекстің 115-бабында талап қоюдан бас тарту, татуласу немесе дауды медиация, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім арызды қараусыз қалдыру кезіндегі сот шығыстарын бөлу мәселелері қарастырылған. Талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан кезде ол жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Сондай-ақ, тараптар бірінші, апелляциялық сатылардағы соттар бекіткен татуласу немесе дауды медиация, партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісім жасасқан кезде төленген мемлекеттік баж толық көлемде бюджеттен қайтарылады. Бұл, әрине, қазіргі экономикалық дағдарыс кезеңінде, қарапайым халықтың қалтасына да оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Медиация рәсімдерін қолдану азаматтар үшін де, сот үшін де тиімді. Сотқа тиімді болатыны – бітімгершілікпен бітетін істер азаматтық істер санын азайтады. Сол арқылы судьялардың жүктемесі кеміп, басқа істерге көбірек көңіл бөлуге, бос уақытында ізденуіне жол ашылады. Сонымен қатар, тараптарды бітістіру азаматтар арасындағы сыйластықты сақтауға да ықпалды.

Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтың бастамасымен жүзеге асырылып отырған «Сот төрелігінің 7 түйіні» жобасы аясында дауларды соттан тыс шешу тәсілдерін жетілдіріп, қоғамдағы даукестік деңгейін төмендетуге, бұл міндеттерді сапалы орындау үшін басты шарт тек қана кәсіби немесе кәсіби емес медиаторлар ғана емес, жергілікті тұрғындармен, әкімдермен және қоғамдық бірлестіктермен бірігіп, одан бөлек ауыл билері, ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі, ақсақалдар алқасы да сотқа дейін татуластыру жұмыстарымен айналысу қажет. Сонымен қатар, татуласу орталықтарының жұмысын жаңа форматқа көшіріп, халыққа жағдай жасап, «бір терезе» қағидаты негізінде халыққа тегін кешенді қызмет көрсетуді қамтамасыз етіп, соттың баламасы ретінде тегін қызмет көрсетсе ғана оның қызметіне сұраныс артатын болады деп ойлаймыз.

Алтай ҚАЛЫҚҰЛ,
Ордабасы аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ӨЗГЕНІҢ СУРЕТІН ЖАРИЯЛАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР

Бүгінде біз үшін фото және бейнекамера қалыпты жағдайға айналды. Бізді көше камералары, автокөлік видеокамералары, мемлекеттік мекемелердің камералары және т.б. бейнекамералар үнемі бақылап отырады. Әлеуметтік желілер де әртүрлі жанжалды бейнелерге толы және олардың жариялануы таласты, даулы мәселелерге негіз.

Біз азаматтардың рұқсатынсыз интернетке түсірген бейнероликті орналастырған кезде Азаматтық кодекстің баптарын ескереміз бе? Қандай жағдайда бізге объектілер мен адамдарды суретке түсіруге заңмен тыйым салынған? Осы мәселелерді тереңірек қарастырып көрейік.

Қолданыстағы азаматтық құқық әрбір тұлғаның бейнесіне заңдық тұрғыда кепілдік береді және қорғайды. Азаматтық кодекстің 145-бабында адам бейнесін пайдалану тек оның келісімімен немесе мұрагерлерінің келісімімен ғана мүмкін болатыны (ол қайтыс болған жағдайда) көрсетілген.

Заң фотоға және бейнежазба түсіруге тікелей тыйым салмайды (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда). Бірақ егер сіз камераға жазылып жатқаныңызды байқасаңыз, сіз өзіңіздің суретіңізбен материалдарды жариялауға (немесе басқаша қолдануға) рұқсат бермейтіндігіңізді айтып, наразылығыңызды білдіре аласыз.

Кез келген түсірілім немесе жазба жасалған кезде ол туралы сол суретке қатысы бар адамға хабарлануы қажет. Ерекше жағдайларда жасырын түсірілім дәлелдеме ретінде қолданыла алмайды (ҚР АПК 78-бабының 4-тармағы).

Айта кету керек, кез келген кескіндеме жұмысын жасау, оны қолдану, ол кескіндеме, фотосурет, фильм, жарнама, бейнерепортаж және т.б. мұндай жұмыста бейнеленген адамның (адамдардың) келісімімен ғана мүмкін болады (АК-тің 145-бабының -тармағы).

Дегенмен, адамның бейнесін жариялауға қатысты басқа да ерекшеліктер бар. Бұған адам ақылы түрде суретке түскен жағдайлар мен ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңында көрсетілген жағдайлар жатады.

Тікелей тыйым салуларға «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына сәйкес, «мемлекеттік құпияны құрайтын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жариялауға, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, олардың аналогтары кезінде антитеррорлық операциялардың техникасы мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға тыйым салады» сондай-ақ қатыгездік, зорлық-зомбылық пен порнографиялық жазбаларды жариялауға тыйым салынады».

Бұл тыйым заңмен қорғалатын құпияны құрайтын немесе жоғарыда аталған әрекеттерді насихаттайтын ақпаратты жариялауды жүзеге асыруға болатын фотосуреттерді жариялар кезде қатаң ескерілуге тиіс. Суреттерді немесе бейне материалдарды орналастыруға да қатысты. Бұл ретте заңнама бойынша стратегиялық объектілерді суретке түсіру немесе басқа нысандарда бейнелеуге тыйым жоқ.

Әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде фото және бейнежазбаны жариялау үшін субъектінің келісімі қажет пе?

Біздің қолжетімді фотобейнекамералар мен интернет заманында адамдар қандай да бір себептермен болған жағдайды немесе белгілі бір оқиғаның қатысушысы болса да, батыл түрде телефондарына кез келген бейтаныс адамды түсіріп алады. Содан кейін материалдың авторы оны әлеуметтік желілерде және мобильді мессенджерлерде оңай жариялай алады.

Естеріңізге сала кетейік, Азаматтық кодекстің 145-бабында адамның бейнесін пайдалану тек оның келісімімен немесе мұрагерлерінің келісімімен ғана мүмкін болады (ол қайтыс болған жағдайда). Алайда, бізде мұндай этикалық жағдайлар өте көп бұзылады. Оған мысалдар да көп. Мәселен, шоу бизнестің белгілі бір өкілі, атақты продюсердің басынан өткен оқиға. Ауруханада ес-түссіз жатқан оны мейірбикелердің бірі фотоға түсіріп алып, әлеуметтік желілерге оның ауыр жағдайын жариялап жіберді. Егер де сол кезде жәбір көруші құзырлы орындарға шағымданса, ол мейірбике қатаң жазаланар еді. Мұндай келеңсіз жағдайлар, әсіресе, инстаграм секілді әлеуметтік кеңістікте көп орын алады. Содан кейін бізде қоғамдық орындардан рұқсатсыз түсірілетін фотолар көп. Жалпы, көпшіліктің ішіндегі сурет болса да, оның да бейнеге иелік құқығы бар. Сондықтан көпшілік орындардағы адамдар тобын түсірген кезде осындай мәселелерді де ескерген дұрыс.

Медициналық мекемелерге келетін болсақ, «Адамдардың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 95-бабының 1-тармағына сәйкес, «медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жағдайы, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат және оны қарау кезінде алынған басқа да мәліметтер мен емдеу медициналық құпияны құрайды». Сол баптың 2, 3 және 4-тармақтарында «егер пациент өзінің келісімін бермесе, оқу кезінде, кәсіби, қызметтік және басқа да міндеттерді орындау кезінде медициналық құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге рұқсат етілмейді.

Басқаша айтқанда, медициналық қызметкерлердің пациенттердің суреттерін кез келген нысанда қолдануы (WhatsApp, әлеуметтік желілерде және т.б. тарату) азаматтық жауапкершілікке ғана емес, қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғуы мүмкін.

Егер материалдарда жалған ақпарат немесе қорлау болмаса, бірақ сонымен бірге адамның мұндай суреттерді қолдануға келісімі болмаса, онда адам сотқа жүгініп, азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәртібімен моральдық зиянды өтеуді және материалдарды алып тастауды талап ете алады

Фотосуретті немесе бейнені жариялаған адам материалдарда берілген ақпарат жалған болған жағдайда, онда ҚР Қылмыстық кодексінің 274 бабының, 2 -тармағына сәйкес, қылмыстық жауапкершілік туындауы мүмкін.

Егер фотобейне материалдарда басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын немесе басқа түрде қорлауға жататын нәрсе болса, онда ҚР Қылмыстық кодекстің 131-бабы 2-тармағында белгіленген қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Егер ол туралы жарияланған фотобейне материалдар оны қорласа, адам өзін қалай қорғай алады?

Егер суретіңіз сіздің келісіміңізсіз жарияланса немесе бұл материал сізді ренжітсе немесе сіздің абыройыңызға, қадір-қасиетіңізге немесе іскерлік беделіңізге нұқсан келтіретін болса, онда бұл жағдайда сіз дереу жою туралы өтінішпен сотқа жүгініп, осы материалда көрсетілген дәл емес ақпаратты жоққа шығарумен және сонымен бірге сіз моральдық зиянды өтеуді талап ете аласыз.

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, «Басқа адамның абыройы мен қадір -қасиетін қорлау, оны ұятсыз түрде білдіру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін қолдану арқылы жариялау» қылмыстық жауапкершілікке жатады.

Мұқағали АҚЫШЕВ,
Ақмола облысы Астрахан аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

№78 (3403)
1 қазан 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Жанат ЕШМАҒАНБЕТОВ, ***ҚР Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы:***

«ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент Қ.Тоқаевтың жыл сайынғы жолдауында қылмыстық-атқару жүйесінің алдына азаптауларға қарсы күрес және пенитенциарлық мекемелерде жаппай бейнебақылау енгізу міндеттелді. Сонымен қатар биыл 19 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Оған сәйкес, Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру функциялары мен өкілеттіктері толығымен Денсаулық сақтау министрлігіне беріледі. Бұл емдеу, диагностика жасаудың қазіргі заманғы әдістеріне кеңінен қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңашылдық медицина қызметкерлерін мекеме әкімшілігінен тәуелсіз жұмыс істеуіне жол ашады.

– Қылмыстық атқару жүйесінде қандай өзгерістер болып жатыр?

– Соңғы жылдары қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамалары халықаралық және отандық сарапшылардың, мемлекеттік органдардың, ғалымдар мен қоғамдық бақылауды іске асыру өкілдерінің қатысуымен едәуір деңгейде жетілдірілді. Жалпы, бүгінгі күні сотталғандардың құқықтық жағдайын жақсартуға, қылмыстық жазалардың орындалуын ізгілендіруге және ҚАЖ қызметін халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған нормативтік құқықтық актілерге 25 рет өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Соған орай, мүгедектігі бар сотталғандарды толық қауіпсіз мекемеге ауыстыру алынып тасталды (ҚАК 96-бабының 3-1-бөлігінің 3-азат жолы); сотталғанды науқастануы бойынша босату туралы ұсынысты қарау мерзімі (ҚІЖК-нің 478-бабының 4-бөлігінің 2-азат жолы) бір айдан он тәулікке дейін қысқартылды; сотталғанды ұстау уақытының есебі қайта қаралды (бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде күзетпен ұстау мерзімін есепке алу ең төменгі қауіпсіздік мекемесінде 2 күн үшін 1 күн және орташа қауіпсіздік мекемесінде 1,5 күн, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің 2 күні, ҚК 62-бабының 3-бөлігі); сондай-ақ, пробация қызметіне есепке алынған адамдарды қашықтан бақылаудың техникалық құралдары енгізілуде. Жазаны өтеу тәртібін бұзатын сотталғандарға қатысты электрондық білезіктер мен оң сипатталатын адамдарға смартфондарды пайдалану жоспарланып, қажетті қаржы бөлінді. Сондай-ақ, колонияларда сотталғандардың телефон арқылы сөйлесу уақыты сағат 18.00-ден 21.00-ге дейін ұзартылды.

Қазіргі кезде ашықтық және айқындықты қамтамасыз ету мақсатында бейнекамералар мен олардың жабдықтарын сатып алуға ашық конкурс жүргізіліп жатыр, оған мемлекеттік тапсырыс алу мақсатында барлық ниет білдірген заңды және жеке тұлғалар қатыса алады. Ағымдағы жылы қылмыстық-атқару жүйесінің 29 мекемесіне құрылғы орнату үшін 3 млрд 704 млн теңге бөлінді. Қалған мекемелерде бұл жұмыс алдағы 2 жылда кезең-кезеңімен жүргізілмек.

– Жалпы, қазіргі кезде еліміздің түрмелерінде қанша адам бар? Оларды түзеу шаралары қалай жүруде?

– Бүгінгі күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 34 мыңнан аса адам ұсталуда, оның ішінде 5 мыңға жуығы тергеу қамауында отырғандар адамдар. Бас бостандығынан айыру орындарына келген күннен бастап әрбір сотталғанның тұлғалық, психологиялық және медициналық ерекшеліктерін ескеріп, жеке жоспар құрылады. Барлық құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Сондай-ақ, әрбір колонияда орта және орта-кәсіптік білім алу үшін оқу орындары, жұмыс істеу үшін «Еңбек» республикалық мемлекеттік кәсіпорынының филиалдарымен қоса, өзге де жеке кәсіпкерлік өкілдерінің жұмыс объектілері орналасқан. Мекемелерде жалпы білім беретін 50 мектеп жұмыс істейді, онда жыл сайын 2000-нан астам адам оқиды, кәсіптік колледждер базасында 2 800-ге жуық адам оқудан өтеді.

Біз үшін колонияларда жазасын өтеп жатқан әрбір сотталушының әлеуметтік бейімделіп, бостандыққа шыққанда қоғамға тез сіңісіп, қайта қылмыс жасау себептерінің болмауы маңызды. Алайда бұл жұмыс тиімді нәтиже беру үшін құқық қорғау органдарымен қатар, жергілікті атқарушы органдар, қоғам және ең алдымен әрбір сотталғанның өзі де жауапты болуы тиіс. Сонда ғана осындай кешенді жұмыстан біз азаматтарымыздың қоғамға толыққанды мүше болып оралуына көмек көрсете аламыз.

Бостандыққа шығуына 1 жыл қалғанда жергілікті атқарушы органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық қорлармен бірлесіп, оның мекемеден шыққан соң баратын жері, айналысатын жұмысы болуы үшін сотталғанның өзін қатыстыру арқылы мүмкіндігінше барлық жұмыстар жасалып жатыр. Әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру, тұрғын үй мәселелерін шешу, жұмысқа орналастыру, құқықтық мәселелерде көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізіледі, сондай-ақ медициналық және психологиялық кеңес береміз. Осы тұста үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық қорларға ерекше алғысымды білдіргім келеді. Сонымен қатар, ҚАЖ мекемелерінде түрлі мәдени-спорттық іс-шаралар, дін, түрлі өнер және мәдениет, бизнес өкілдерінің, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен шаралар ұйымдастырылып отырады.

– Түрмедегілерді азайту үшін пробация институтының енгізілгені белгілі, оның тиімділігі қандай болды?

– Соңғы жылдары сотталғандарды қайта әлеуметтендіруге ерекше назар аударылады. Еуропалық елдердің тәжірибесі бойынша, жаңа қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару кодекстерін, «Пробация туралы» заңды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдай отырып, Қазақстан қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдану аясын кеңейте түсті. Соның нәтижесінде қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметі болып қайта құрылып, бірқатар міндеттер жүктелді.

Пробация – есепте тұрған сотталғандардың заңмен және сотпен жүктелген міндеттерді орындауына бақылауды жүзеге асыратын қызмет. Атап айтқанда, пробация қызметін хабардар етпей, тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орнын ауыстырмау және әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс жерге шықпау, тіркелу және профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін белгіленген күндері пробация қызметіне келу, сондай-ақ сот сотталған адамның түзелуіне және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алуға ықпал ететін) басқа да міндеттерді белгілей алады. Сонымен қатар, кейбір сотталғандар жұмыс және тұрғын үй іздеуде, құжаттарды ресімдеуде, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруде, медициналық, білім беру және өзге де әлеуметтік қызметтерді алуда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты пробация қызметі оларға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетеді. Өз кезегінде, жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өкілеттіктерін әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы орындайды. Сонымен қатар, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға жеке бизнесін дамыту мақсатында «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп шағын несиелер алуға жәрдем көрсетіледі. Бүгінгі таңда 103 адам «Бизнес бастау» жобасы бойынша оқудан өтіп, сертификаттар алды, тағы 533 қатысушы өтеусіз грант иелері болды. Мәселен, 2021 жылдың 8 айында 49169 сотталған адамға қатысты мемлекеттік органдар әлеуметтік-құқықтық көмектің 69947 түрін көрсетті.

Әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыты білім алуға, жұмысқа орналасуға, емделуге, сондай-ақ құқықтық және психологиялық көмек беруге жәрдемдесу болып табылады. Қазіргі уақытта пробация қызметінің есебінде 33 мың адам тұр, оның 98 пайызы қоғамнан оқшаулаусыз сотты болғандар. 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін пробация бақылауынан өткен азаматтар саны 8 пайызға көбейіп отырған.

– Түрмедегі зорлық-зомбылық туралы жиі естиміз. Мұндай теріс ахуал қалыптаспас үшін қандай жұмыс жүргізілуде?

– Жазаларды орындау және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының мақсаты азаптау немесе адамның қадір-қасиетін қорлау емес. Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға сотталғандар тарапынан да, қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлері тарапынан да кез келген моральдық немесе физикалық қысым көрсетуге қатаң түрде тыйым салынады және ондай жағдайдың орын алмауы үшін қажетті шараның бәрі жасалады. Азаптау немесе басқа да заңға қарсы іс-әрекет белгілері байқалған сотталғандардың барлық хабарламалары міндетті түрде тіркеледі және олар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізіледі. Жалпы, мұндай фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеудің жыл сайын төмендегені байқалады. Айталық, 2019 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай реестріне азаптау фактілері туралы 200 хабарлама тіркелсе, оның ішінде 196-сын тергеу бөлімшелері қылмыстық іс расталмаған деп тоқтату туралы шешім қабылдады, тек 3 қылмыстық іс сотқа жіберіліп, олар бойынша 8 қызметкер сотталды. 2020 жылы 126 хабарлама тіркеліп, оның 123-і расталмаған. Сотқа тек 1 іс жіберіліп, 1 қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Ал, ағымдағы жылы тіркелген 30 хабарламаның бір де біреуі расталмады.

Біз ескірген ГУЛАГ жүйесі мен өрескел жұмыс әдістерінен мүлдем бас тартатын заманауи қылмыстық-атқару жүйесін құруға ұмтылудамыз. Әрбір хабарламаға дереу ден қойылады, барлық дерек тексеріледі, оның нәтижелері бойынша процестік шешімдер қабылданады. Мекемелерде прокурорлар, қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын Ұлттық алдын алу тетігінің және қоғамдық-байқау комиссияларының өкілдері, сондай-ақ өзіндік қауіпсіздік қызметі жұмыс істейді.

Қазір барлық мекемелерде қолжетімді жерлерде электронды терминалдар орнатылған. Бүгінгі күні 121 терминал болса, келесі жылы олардың санын 200-ден асыру жоспарланып отыр. Кез келген сотталған азамат мекеме әкімшілігіне жүгінбей-ақ, осы терминалдар арқылы құқық қорғау және сот органдарына шағым жолдай алады. Бүгінде терминалдар арқылы құқықбұзушылық бойынша 360-тан аса өтініш түсіп отыр.

Жоғарыда атап өткенімдей, жаза өтеушілердің 94 пайызы – ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдар, олардың 50-ден астамы – бұрын сотты болғандар. Сотталғандар колониялардағы жағдайды тұрақсыздандыру, қызметкерлерді негізгі жұмыстан алшақтату және мекеме әкімшілігіне қысым көрсету мақсатында жағымсыз қоғамдық пікір қалыптастыра отырып, қызметкерлердің үстінен жиі шағым жазады. Сондықтан еліміздегі пенитенциарлық жүйені жаңғырту аясында біз заманға сай қылмыстық-атқару жүйесін құруды көздеп отырмыз.

Сотталғандардың құқықтарын мүлтіксіз сақтау және қызметкерлер тарапынан құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға жол бермеу бағытында мақсатты жұмыс жүргізілуде. Осы үшін біз жүйенің ашықтығы мен айқындығына бағыт алдық. Сотталғандарды ұстау құқығы мен шартының сақталуына тәуелсіз мониторинг жүргізетін қоғамдық-бақылау комиссияларымен, ұлттық алдын алу тетігімен және үкіметтік емес ұйымдармен тығыз өзара іс-қимыл жолға қойылған. Олар әрбір дерек бойынша мекемелерге келеді және құпия әңгіме жүргізеді.

ҚАЖ комитетінде сенім телефоны (72-30-65) және төрағаның блогы бар, WhatsAPP мессенджерінде (8-776-677-8077) «жедел желі» құрылды, әлеуметтік желілерде (Facebook және Instagram) ресми парақшалар бар. Әрбір мекемеде прокуратура мен құқық қорғау ұйымдарына шағымдар мен өтініштер беру үшін жәшіктер орнатылған. Яғни, бүгінде шағымданамын деген адамға әдіс, құрал өте көп.

– Сотталғандардың жұмыспен қамтылуы қандай деңгейде? Ресейде оларды жұмысқа алатын кәсіпкерлер үшін жеңілдік қарастырылған, бізде бұл мәселе қалай шешілуде?

– Бұл пенитенциарлық жүйені жаңғыртудағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Себебі біздің басты мақсатымыз – сотталғандардың неғұрлым басым бөлігін жұмыспен қамтамасыз ету, сол арқылы еңбекке деген қарым-қатынасты түзеп, бостандыққа шыққанда жұмыссыз қалмай, қандай да бір іспен айналысуына ұйытқы болу. Қазіргі уақытта қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі негізгі жұмыс беруші «Еңбек» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады. Сонымен қатар, мекемелердің аумағында 200-ден астам шағын және орта бизнес кәсіпкерлері өздерінің өндірістік қызметін жүзеге асыруда. Бүгінгі күні жұмыспен қамтылған сотталғандардың саны шамамен 49 пайызды қамтиды. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында орналасқан өндіріс алаңдарында жұмысқа орналасқан сотталғандар құрылыс материалдары мен бұйымдарын, оның ішінде кірпіш, көбік-газ блоктарын, металл есіктер мен қоршауларды өндірумен, жиһаз, нан-тоқаш, басқа да өнімдерді шығарумен айналысады. Мұнымен қоса, тергеу изоляторлары мен колониялардың шаруашылық (кітапханашы, санитарлар, аспазшы және т.б.) қызметіне тартылған сотталғандар да бар. Еңбек – түзету құралдарының бірі. Жұмыс олардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді, сонымен қатар жәбірленушілерге келтірілген материалдық залалды төлеуге, отбасыларына көмектесуге мүмкіндік береді. Ішкі істер министрінің бастамасымен бұл сала қарқынды дамып келеді. Осы жылдың жаз айында Нұр-Сұлтан қаласындағы қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің (қоныс колониясы) сотталғандарына, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробацияның бақылауындағы адамдарға арналған жаңа эксперименттік тігін цехы ашылды. Фабрика 120 жұмыс орнына есептелген, заманауи жабдықтар сатып алынған. «Еңбек» РМК мен «Қазақстан құрылысшылар одағы» республикалық заңды тұлғалар бірлестігі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

– Сотталғандардың жақындарымен жолығуы қаншалықты жолға қойылған?

– Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес сотталғандарға жаза өтеу барысында ұзақтығы екі сағат қысқа мерзімді және мекеме аумағында ұзақтығы екі тәулік ұзақ мерзімді кездесулер беріледі. Одан бөлек колонияларда Ашық есік күндері өткізілетін. Алайда 2 жылдан бері коронавирус инфекциясына байланысты болған шектеу шараларынан кездесу мүмкіндігі азайды. Дегенмен, біз олардың құқықтарын сақтау үшін бейнебайланыс әдісін енгіздік. Кездесудің бұл түрі, әсіресе, пандемия кезінде өзінің жоғары тиімділігін көрсетті. Себебі, сотталғандар бейнебайланыс арқылы отбасы мүшелерін, туған-туыстарын толықтай көре алады. Ал кейбірі жолдың алыс болуына және кездесуге кіретін адам санының шектеуіне байланысты мұндай мүмкіндікті пайдалана алмаған болатын. Тіпті кейбір жазасын өтеушілер 5-10 жыл көрмеген балаларымен сөйлесіп, жақын адамдарын тауып жатты. Бұл олардың түзелуіне, бостандыққа шығуға барынша ынталандыратын жағдай.

– Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ТЕМІРЖОЛ – АСА ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН АЙМАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында елімізді экономикалық жағынан дамытудың маңызды бағыттарымен бірге адам құқығын қорғау, құқықтық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған жауапты міндеттерді айқындап берді.

Жуырда Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасының жеке құрамы арасында жолдау бойынша атқарылатын жұмыстарды талқылау мақсатында жиын өткізілді. Жиында басқарма бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары Дәулетбек Дәрібаев құқық қорғау жүйесіндегі өзгерістерге тоқталды.

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілді. Жаңа заң талабы бойынша жоғары тұрған органға шағымды төменгі тұрған орган арқылы берудің жеңілдетілген тәртібі енгізілді. Яғни, әкімшілік орган шағым түскен күннен бастап үш күн мерзім ішінде істі жоғары тұрған органға жолдамай-ақ әкімшілік рәсімге қатысушы үшін қолайлы акт қабылдауға құқылы. Мұндай өзгерістер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес өмірге енгізіліп жатыр, – деді Д.Дәрібаев.

Теміржол аумағы аса қырағылықты қажет ететін аймақ екенін ескерсек, желілік полиция саласының мамандары қылмыстың алдын алуда және орын алған қылмыстарды ашуда біліктілік танытуда. Мысалы, жуырда аса ірі көлемде болған ұрлық дер кезінде ашылып, бұл қылмыстық іске қатысты төрт адам да тиісті жазасын алды. Алматы-1 станциясына қарасты Боралдай станциясында тұрған жүк вагонынан ұрлық жасағандардың арасында кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірім де бар. Соттың үкімімен ол бір жарым жыл бас бостандығынан шектеу жазасына кесілді. Осындай қылмыстың алдын алуда халықпен тығыз байланыста жұмыс істеудің маңызы зор.

Жолдауды талқылауға арналған жиында сондай-ақ, теміржол арқылы тасымалданатын есірткі заттарына тосқауыл қоюдың тиімді жолдары мен әдістері жайлы да айтылды.

Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасы

БІЛГЕН ЖӨН

ЖЕТІ РЕТ ӨЛШЕП, БІР РЕТ КЕС!

Бүгінгі күні қоғамда белең алып тұрған даулардың бірі – тұлғаға тиесілі емес жер учаскесіне заңсыз салынған тұрғын үй құрылысы. Оған дәлел – соңғы кезде сотқа түсіп жатқан талап арыздар.

Жеке тұрғын үй – ол әркімнің өз меншігіндегі баспана. Ал қоныс учаскесі – ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен жеке тұрғын үй орналастыру және шаруашылық жүргізу үшін азаматқа берілетін жер учаскесі. Сол жерге үй салуға, яғни құрылыс салуға рұқсат алу дегеніміз – жер учаскесіне құқық белгілейтін құжатты алудан бастап, объектіні пайдалануға беру және оны тіркеуші органда есепке қою. Әрбір тұрғын өзіне тиесілі жер учаскесін рәсімдеп барып, құрылыс жүргізуі тиіс. Өйткені жердің құжаты дұрыс болмаса, еңбегіңіздің бәрі еш кетуі мүмкін. Сондықтан тұрғын үй құрылысын бастамас бұрын жер құжатының дұрыстығына көз жеткізіп алған абзал.

Өз үйі туралы армандамайтын жан жоқ. Біреулер бар жиған-тергеніне, біреулер ипотекаға пәтер сатып алса, басқалары өз арманындағы үйін тұрғызуға білек сыбана кірісіп жатады.

Заң талабына сай қажетті рұқсат алынбай салынған тұрғын үй оны жүзеге асырған адамның есебінен бұзылуы тиіс. Ендеше, осындай келеңсіздіктер орын алмас үшін жер алып, үй тұрғызу алдында қандай ережелерді ұстану керек?

Ол үшін ең алдымен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жерді сатып алмас бұрын таңдалған қоныс учаскесі ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен жеке тұрғын үй орналастыру және шаруашылық жүргізу үшін азаматқа берілген жер учаскесі екеніне, бұл учаскені белгілі уақыттан кейін мемлекет қажеттілігіне тартып алмайтынына көз жеткізіңіз. Учаскенің қаланың не жергілікті жердің бас жоспарына сәйкестігін, жақын уақытта, айталық, бұл учаске арқылы республикалық маңызы бар жол салынбайтынын тексеріңіз. Бұл мәліметті сәулет және қала құрылысы басқармасынан алуға болады. Сондай-ақ, белгілі шектеулер де бар. Мәселен, зираттардың санитарлық-қорғау зоналарында, электр тарату желілері және өндірістік-кәсіптік нысандарды салуда арнайы қойылған шектеулерді қаперге алған жөн.

Екіншіден, таңдаған жер учаскеңіз бөлінбейтін және сіз оның үлескер қожайыны болсаңыз, алдағы салынатын жеке тұрғын үй құрылысына көршіңіздің келісімін алғаныңыз абзал. Ең дұрысы – рұқсатты нотариалды түрде рәсімдеу қажет. Себебі, жер учаскесінің бір үлескер қожайыны құрылысқа келісімін бермесе, үйіңізді тұрғыза алмайсыз.

Жер учаскесін сатып алғаннан кейін сәулет-жоспарлау тапсырмасын, яғни болашақ үйіңіздің жоспарын жобалау мен әзірлеуге рұқсат алуыңыз қажет. Тапсырыс беруші сәулет-жобалау тапсырмасын алғаннан кейін эскиздік жобасы әзірленеді. Салынатын үйдің жоспарын жекеменшік кәсіби мамандар дайындауы тиіс. Бұл құжатта техникалық шарттар, атап айтқанда, жарық беру, су, газ жүргізу, канализация нүктелері және учаске шекарасынан бері қойылған шегініс де жазылуы қажет. Сондай-ақ шаруашылық құрылыстарын, гараж, қоймаларды да көрсету керек.

«Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» заңның 3-бабына сәйкес, сіз белгіленген құрылыс және басқа да міндетті нормалар мен ережелерін бұзбайтын, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің сәулет-қала құрылысы қызметімен келісілген кез келген жоба бойынша тұрғын үй салуға құқылысыз. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 60 бабының 2 тармағы 1) тармақшасына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша тапсырысшы (меншік иесі) жобалау (жобалау-смета) құжаттамаларынсыз не нобайлар (нобайлық жобалар) бойынша, сейсмикалық қауіптілігі жоғары немесе іске асыру кезінде арнаулы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар аймақтарда құрылыс салуды қоспағанда, жеке тұрғын үйлер салуды жүзеге асыра алады. Сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандарда жеке тұрғын үйлер салу заңнамада белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобаның әзірленген жобалық-сметалық құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Дайын болған эскизді келісу – маңызды қадам. Барлық құжаттар ХҚО арқылы жергілікті сәулет-құрылыс басқармасына не бөліміне жіберіледі. Үй жоспары бекітілгеннен кейін ешқандай өзгерістер енгізе алмайсыз. Құрылыс эскиздік жобамен сәйкесіп жүргізілгені жөн. Осы шарттарды орындағаннан кейін жеке үйді тұрғызуға кіріссеңіз болады.

Осыған орай, өз меншігіңіздегі жер учаскесін тиянақты рәсімдеп барып, қалаған құрылысыңызды бастағаныңыз абзал. Бір сөзбен айтқанда, жеті рет өлшеп, бір рет кесіңіз. Өйткені ол сіздің баспанаңыз, сіздің жеке дүниемүлкіңіз.

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ЕҢБЕК ДАУЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕЛЕДІ?

ҚР Заңдары еңбек дауларының дұрыс шешілуіне кепілдік береді. Конституцияның 24-бабында: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар» делінген.

Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Яғни, әрбір азамат Конституцияда көзделген құқықты жалдамалы еңбек, жеке еңбек қызметі, мемлекеттік қызмет сияқты алуан түрлі нысандарда жүзеге асыра алады, ал қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы азаматтың өз еркінде.

Еңбек дауы – қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы реттелмеген мәселелер бойынша келіспеушіліктер. Еңбек кодексінің қабылдануымен еңбек дауларын шешу тәртібі айтарлықтай өзгерді.

Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына сәйкес, жеке еңбек дауларын-келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясының шешімін орындамау бойынша істерді соттар қарайды. Алдыңғы Еңбек кодексінен айырмашылығы – келісу комиссиясының жеке еңбек дауын қарауы міндетті болып табылады. Ал, реттелмеген мәселелер бойынша немесе келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда дау сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

Бұл талап ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 8-бабының 6-тармағына сәйкес келеді, одан келіп шығатыны, егер заңда істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады. Келісу комиссиясына келіп түскен өтініш міндетті тіркелуге жатады, өтінішті қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. ҚР еңбек заңнамасында мұндай өтініштің нысаны көзделмеген, сондықтан қызметкер еркін нысанда өтініш жаза алады, бірақ еңбек дауының мәні, дау туындаған күн, қандай еңбек құқықтары немесе еңбек заңнамасының нормалары бұзылғанын көрсетеді. Сондай-ақ, еңбек дауын толық және объективті қарауға көмектесу үшін қызметкер еңбек дауына қатысты құжаттарды өтінішке қоса беруі керек. Келісу комиссиясы еңбек дауын өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қарауға міндетті.

Дау өтініш берушінің немесе ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады. Дауды қызметкердің немесе оның өкілінің қатысуынсыз қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана жол беріледі. Қызметкер немесе оның өкілі отырысқа келмеген жағдайда, еңбек дауын қарау кейінге қалдырылады. Қызметкер немесе оның өкілі дәлелді себептерсіз екінші рет келмеген жағдайда, келісу комиссиясы мәселені қараудан алып тастау туралы шешім шығаруы мүмкін. Бұл қызметкерді Еңбек кодексінің 172-бабында белгіленген мерзім шегінде еңбек дауын қарау туралы қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

Еңбек дауын объективті және толық қарау үшін келісу комиссиясы отырысқа куәларды, ұйымның қызметкерлері бола алатын мамандарды, сондай-ақ өзінің куәлігімен немесе маманның қорытындыларымен еңбек дауын қарауға мүмкіндік беретін адамдарды шақыруға құқылы. Сондай-ақ, келісу комиссиясы ұйым басшысынан оған қажетті құжаттарды, мысалы, еңбек дауына қатысты басшының хабарламасын, бұйрықтарын, өкімдерін және басқа да актілерін талап ете алады. Ұйым басшысы сұрау салынған құжаттарды келісу комиссиясы белгілеген мерзімде беруге міндетті.

Олар отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Өтініш берушінің немесе комиссия мүшелерінің бірінің талап етуі бойынша дауыс беру жасырын өткізіледі. Комиссияның шешімі заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің нақты нормаларына сілтеме жасай отырып, еңбек заңнамасына сәйкес шығарылуға тиіс.

Істерді қараудың сот тәртібі жұмысшылардың ғана емес, жұмыс берушілердің де бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруді қамтамасыз ете отырып, еңбек дауларын тез және дұрыс шешуге кепілдік береді, өйткені сот қорғанысы бұзылған құқықтарды қорғаудың сенімді және тиімді нысаны.

А.КАРИМОЛДАЕВА,
Хромтау аудандық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Сондықтан, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Елбасы Н.Ә.Назарбаев заманауи, стратегиялық міндеттерді тиімді іске асыратын мемлекеттік аппаратты құру мәселесін назарынан тыс қалдырған емес. Бұл орайда, бірінші кезекте Елбасының бастамасымен көлемді әрі тиімсіз басқарудың әкімшілік тобы оңтайландырылып, тәуелсіз Қазақстанның жаңа жағдайындағы саяси бағытын сапалы жүзеге асыра алатын мемлекеттік аппарат құру бағытында жұмыс жүргізіле бастады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде оқытудың инфраструктурасы қалыптастырылған, оның құрамына ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, өңірлік қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары және тағы басқа білім беру мекемелері енеді. Жыл сайын орта есеппен қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі оқытылады, нәтижесінде үш жыл сайын мемлекеттік қызметшілер жүз пайыз оқыту курстарымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі мансапты жоспарлау маңыздылығын тиісті бағаламау басқарушылық аппараттың сапасына кері әсерін тигізеді. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өсуі үдерісінің бей-берекетсіздігі «өз командасы» деген құбылысқа әкеліп соғады, атап айтқанда, бұл – мемлекеттік органға жаңа басшыны тағайындаған кезде оның бұрынғы жұмыс орнынан өзімен бірге еріп келген әріптестері есебінен өзінің жеке қалауын басшылыққа ала отырып, аппаратты түбегейлі түрде жаңартуы.

Атап өту керек, тәжірибеде мансаптық жоспарлау қағидалары әзірге лайықты түрде тарамаған. Заңды түрде бекітілген көптеген кадр технологияларын қолдану нәтижелері (кадр резерві, конкурстық іріктеу, ротация, аттестация және қызметкерлерді бағалау) мансапты басқару үдерістерінде толық көлемде пайдаланылмайды. Мемлекеттік органдардың кадр қызметтері штат санының аздығы, персоналды басқару жөніндегі қызметкерлері біліктілігінің жетімсіздігі, тиісті нормативтік базаның жетілмегендігі секілді бірқатар себептерге байланысты мемлекеттік қызметшілердің мансабын басқару мәселелерімен мақсатты түрде айналыса алмайды, персоналды іріктеу мен бағалауға, оның біліктілігін арттыруға тиісті назар аудармайды.

Осылайша, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің қызмет сатысы бойынша әділ түрде өсуін қамтамасыз ететін толыққанды тетіктің жұмыс істеуі үшін нормативтік құқықтық база құруға барлық қажетті шаралар қабылданған.

Е.КАРИМГАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

СЫЙҒА – 300 КІТАП

Түркістан облысы ҚАЖД түзеу мекемесінің кітапхана қоры үш жүз кітаппен толықты.

ИЧ-167/9 тергеу изоляторы қамауында отырған сотталған азаматтар арасында кітап оқитындардың саны күн санап артып келеді. Осыған байланысты Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ИЧ-167/9 мекемесіндегі сотталғандарға тәрбиелік бағытта ықпал ету мақсатында мекемеге 300 әдеби кітапты табыстады.

– Кітаптар біздің заманымызда сирек кездеседі. Бүгінгі жастар электронды кітаптар мен ақпараттық порталдарды оқиды. Өкінішке орай, кітаптар екінші орынға түсіп қалды. Бірақ, олар оқырманның сөздік қоры мен ішкі әлемін толықтыруға көмектесетінін түсіну керек. Кітап оқудың артында көптеген адамдар ішкі әлемге ие болады және сөздік қорын толықтырады. Себебі, қателік жасап жазаға тартылған адамдар, әсіресе, рухани байытуға мұқтаж, – деді Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті кітапханасының басшысы Меруерт Әбдісадыққызы.

ИЧ-167/9 түзеу мекемесіндегі кітапханашы Самат Бесбаев есімді сотталған осы күнге дейін 65 кітап оқып шығыпты. Ал, жыл басынан бері әртүрлі жанрдағы 17 кітапты оқыған. Қазіргі таңда ол орыс тілінде жазылған шығармаларды да оқуға кіріскен екен. Бостандыққа шыққаннан кейін ағылшын, түрік, қытай тілдерін үйренуді жоспарлап жүргенін де айтып өтті.

– Мұндағылардың дені қазақ тілді азаматтар. Сондықтан қазақ тілінде жазылған көркем әдебиеттер санын артыру қажет. Сотталғандардың сұранысы бойынша көркем-әдеби, тарихи кітаптар жіберілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Мен қателікке бой алдырып, қылмыс жасағаныма өкінемін. Өзім кітап оқығанды бұрыннан ұнатамын. Осы түзеу мекемесінде кітапханашы болуды ұсынған кезде қуана келістім. Менің соңғы оқыған кітабым – Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты шығармасы. Бұл кітапта Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасы мүсінделеді. Батыр атамыздың сонау жастық шағынан бері Совет Армиясының үздік мектебінде шыңдалу кезінде, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі ұлағатты өмір жолы шынайы бейнеленген. Сондай-ақ, маған Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» кітабы да қатты ұнайды. Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Шаханов және тағы да басқа жазушыларымыздың шығармаларын оқыдым, – деп өзінің оқыған кітаптары жайлы бөлісті.

Осы тұста Ғабит Мүсіреповтің мына бір сөзі еске түседі, «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік». Әрине, түзеу мекемесінде жазасын өтеп жүргендер кітаптан алған әсерлерді кейін өмірлік қажетіне жарата білсе. Жазасын өтеуші Саматтың кітап оқи отырып, оның рухани дүниесінің өскендігін байқауға болады.

Раушан НАРБЕК,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЖИЫН

СҮРІНГЕНДІ ДЕМЕУ ПАРЫЗ

Түркістан қаласы әкімдігінің жанынан құрылған құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиналысты ашып, жүргізген қала басшысы Нұрбол Тұрашбеков күн тәртібіне сәйкес, қала аумағындағы атқарылған жұмыстардың есебін тыңдады.

«Пробация азаматтарды соттамайды, тәрбиелейді», – деді Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет майоры Нұрбол Мамырханов. Ол Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Түркістан қалалық пробация қызметінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне пробация қызметі енгізілгеніне көп бола қойған жоқ. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын бұл қызмет шетелдерде бірнеше бағыттан тұратын үлкен жүйеге айналған. Пробация қызметінің мақсаты шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету болып табылады. Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі істі болған азаматтарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту болса, пробация қызметі осы бағытқа дәл келеді. Яғни пробацияның міндеті – адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру. Ол үшін қылмысқа барған адам сот міндеттеген шарттардың бәрін орындауы керек. Осылайша байқаусызда сүрінгендер болса, оларды түрмеге қамамай, қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді. Оның негізгі бағыттары шартты сынақ мерзімге сотталған, бас бостандығын шектеу жазасына сотталған, түзеу мекемесінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, әкімшілік қадағалау белгіленген сотталғандарға білім алып, кәсіп меңгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал жасап, ауырып қалса, дәрігерлік көмек көрсетуді қамтамасыз ету барысында көптеген жұмыстар атқарылады. Түркістан қалалық прообация қызметінде 215 адам тіркеуде тұрады. Оның 20-сы әйел адам. Жастар арасында қылмыс жасағандардың саны қысқарды. Біздің пробация қызметінде кәмелеттік жасқа толмаған жастар тіркелмеді. Олардың басым бөлігі – жағдайы төмен отбасынан шыққандар және жұмыссыз жүргендер. Шартты түрде сотталғандармен жеке-жеке сөйлесіп, олардың қажетілігі бойынша жұмыстар жасалуда, – деді Нұрбол Ғабитұлы.

Сонымен қатар, Түркістан қалалық полиция басқармасының басшысы Бауыржан Селтанов «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың оның ішінде ауыр қылмыстардың алдын алу» тақырыбына баяндама жасады.

Ал, қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметінің басшысы Шалбай Мендібаев «Көші-қон саласындағы және шет ел азаматтарын жұмысқа тарту кезіндегі құқық бұзушылықтардың алдын алу» жайында сөз қозғады. Түркістан қаласы әкімі аппаратының жиындық-талдау бөлімінің басшысы Төлеген Әбдіреев «Түркістан – қауіпсіз қала» іс-шарасының нәтижесіне тоқталды. Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Ерасыл Төлебаев «Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу» туралы баяндамасында қылмыстық көрсеткіштерге әсер етуші факторларды тізбектеді. Алқалы жиынға қатысқан қалалық мәслихаттың хатшысы Мақсат Таңғатаров, қалалық «Жас Отан» жастар қанатының жетекшісі Жансерік Жұман ойларын ортаға салып, нәтижеге жету жолдарын саралады.

Ал, Түркістан қаласының басшысы Нұрбол Әбдісаттарұлы көне шаһардың «қауіпсіз қала» атануы үшін төгілетін тер мен атқарылатын тірліктің әлі де көп екенін атап өтті.

– Қылмыстың алдын алу шаралары науқандық емес, жүйелі, тұрақты түрде жүргізіліп тұруы тиіс. Ал, комиссия осы жұмыстарды жетілдіру үшін дер кезінде мәселе көтеріп, кемшіліктерді анықтап, жұмыстың дұрыс бағыттан айнымауын қамтамасыз етуі қажет. Сондықтан, комиссия мүшелерінен келесі отырыста нақты ұсыныстар күтемін, – деді қала басшысы.

Р.НАРБЕК

ЖОБА

Әлеуметтік бейімдеу жұмыстары қолға алынады

ҚР 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» №38-VI заңын (2019.27.12. берілген өзгерістермен) басшылыққа ала отырып, Алматы қаласы әкімдігі қоғамдық даму басқармасының қолдауымен және «Qazaqstan Jastary» ҚҚ ұйымдастыруымен «Бас бостандығынан айыру орнынан шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелерін шешуге бағытталған» жоба құрылды.

«Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жастар», – деп еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев айтқандай, әрқашан да жастарға қолдау білдіріп, қамқорлық көрсетуіміз керек. Соған орай, құрылып отырған жобамыздың мақсаты жазасын өтеушілерге құқықтық, психологиялық көмек көрсету, жұмысқа орналастыру, өз құқығын білу, заңды білу сауаттылығын арттыру, әлеуметтік оңалту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Жалпы, «Qazaqstan Jastary» ҚҚ ұйымдастыруымен әр апта сайын түрлі мерекелік, спорттық іс-шаралар өтіп, психологиялық тренингтер мен тегін кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Нәтижесінде пробация қызметінің есебінде тұрған сотталушылар өздеріне қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіліп, көкейінде жүрген сұрақтарына жауап ала алады.

Алматы қаласы бойынша бас бостандығынан айырылған жастар мен пробациялық қызмет («пробация» – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі) есебінде тұрған сотталушыларға құқықтық, психологиялық тегін көмек көрсету және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес алу үшін мына байланыс нөмірлеріне хабарласа аласыздар:

Call-center: 8-727-278-07-44;
WhatsApp: 8-700-444-07-27.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Селденқорғау құрылыс» директорының бос лауазымына орналасуға конкурс

Конкурс өткізу мерзімі:
2021 жылғы 15 қазан
Конкурс өткізу орны:
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, 2 кіреберісі, мекенжайы: 010000, анықтама үшін телефон: 8-7172-60-21-29, e-mail: kairbekov.na@emer.kz.
Кәсіпорынның атауы:
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы «Селденқорғау құрылыс».
Мекенжайы:
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Ақжар шағынауданы, Егінсу көшесі, 35/17 үй.
Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары:
Кәсіпорын қызметінің мәні азаматтық қорғаудың арнайы инженерлік іс-шараларын орындау болып табылады.
Кәсіпорын қызметінің мақсаты табиғи және техногендік сипаттағы жойқын құбылыстардың салдарын жою болып табылады.
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Селденқорғау құрылыс» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
1) кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі);
2) білім және ұйым бейініне сәйкес келетін экономикалық қызмет түрінде басшы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, «Іскерлік әкімшілік ету магистрі» ғылыми дәрежесі немесе басқару (менеджмент) саласындағы қосымша білімінің болғаны мүмкін.
Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:
1) он сегіз жасқа толмаған;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.
Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі:
15 күнтізбелік күн.
Конкурсқа қатысуға үміткер адамдардан құжаттарды қабылдау басталатын күн конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап анықталады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарланған күннен бастап он бес күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:
1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) 3х4 көлеміндегі түрлі-түсті фотосуреті бар мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелді) нысандағы денсаулық жағдайы туралы анықтама.
7) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
8) Egov электрондық үкіметінен «Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсыну.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

ӘРТҮРЛІ

2. «Ломбард «Доступные кредиты +» ЖШС, БСН 100940015457, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне 15.02.2021 жылы микроқаржылық қызметін жүргізуге берілген 10.21.0005.Л лицензияның әрекетін тоқтату туралы өз еркімен жүгінгенін хабарлайды.

3. «Raimbek-Bottlers» ЖШС, БСН 980640000340, «Good Food company» ЖШС қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды, БСН 070740000255. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұрмақов көшесі, 160.

4. «КУАНДЫК-К» ЖШС, БСН 020140003447, мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, 5 ықшамаудан, 14 үй, 1 пәтер, 2021 жылғы 28 қыркүйекте «КУАНДЫК-К 2051» ЖШС-нің бөлініп шығуы арқылы «КУАНДЫК-К» ЖШС-нің қайта ұйымдастырылатыны туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлайды. Серіктестік несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран көшесі, 10В үй, 42 пәтер, kb56@yandex.ru.

5. «Алия-Сервис» ЖШС, БСН 050640011650, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 2/2 үй, 1 пәтер, 2021 жылғы 28 қыркүйекте «Алия-Сервис 2051» ЖШС-нің бөлініп шығуы арқылы «Алия-Сервис» ЖШС-нің қайта ұйымдастырылатыны туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлайды. Серіктестік несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран көшесі, 10В үй, 42 пәтер, kb56@yandex.ru.

7. «Good Food company» ЖШС, БСН 070740000255, «Raimbek-Bottlers» ЖШС, БСН 980640000340, «Good Food company» ЖШС қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұрмақов көшесі, 160.

МҰРАГЕРЛІК

10. Мұраға заң бойынша құқық беру туралы Кадастрлық номері 06087255 мүлікке Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Шахан ауылы, М.Маметова көшесі, №21 үй, мекенжайында орналасқан 07.12.2012 жылғы Джайылганов Еркин Алнизовичтың атына берілген №2271 куәлік жоғалтуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

11. 01.04.2021 ж. қайтыс болған Юнусова Гульчехра Оразаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, 1 ықшамаудан, 12 үй, 26 пәтер мекенжайы бойынша нотариус Е.Е. Байсбаевқа келуі қажет. Тел.: 87017314766.

ТАРАТУ

6. «Кабылбек и К» ЖШС, БСН 170640022273 (Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәмші Қалдаяқов ауылы, Парасат көшесі, 9 үй), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Арыс қаласы, Аймауытов көшесі, 121 үй. Тел. 87763636360, 87012962729.

8. «Нордвент Казахстан» ЖШС, БСН 100240004565, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 108 үй, 25 пәтер. Тел.: 87770022500.

9. «IBDC UAIS» ЖШС, БСН 110640012681, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жұбанов көшесі, 3А үй, кеңсе 404, индекс 050062. Тел.: 87476179949.

14. «Рекламно-Производственная Компания Альянс» ЖШС, БСН 190140003768, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Центральный ықшамауданы, 6 үй, 21 пәтер.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша:
87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престиж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

Нұр-Сұлтан қаласы сотының ұжымы Парламент Мәжілісінің депутаты, елордалық соттың бұрынғы судьясы Раззақ Назиля Раззақбайқызының әжесі

Бибінұр апайдың

өмірден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ӨГЕЙ ӘКЕНІҢ ӨЛІМІ

Өмірдерек

Істі қараған судья Қасым Қалмағамбетов 1979 жылы туған. Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген. Алматы қаласында аудандық, қалалық соттарда судья қызметін атқарған. Қазір Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.

Түлкінің күшігіндей сүйкімді қыз кенет түсі бұзылып, жылап жіберді. Көз жасын тыя алар емес. Үстінде тоқыма күртеше мен бұтында әбден ақжем болып ағарып біткен джинсы шалбар. Аты-жөні Карина Николаевна Матвеева. Жасы бар болғаны он жетіден он сегізге қарап тұр.

Түркістан облыстық полиция департаментінің аға тергеуші Оразбек Байтұрсын оны жұбатпады. Көкірегін кернеген кірбіңнен арылсын деді ме, бөлмеге жалғыз тастап, өзі тысқа шығып кетті. «Өгей әкесінің өліміне қатысы бар сияқты, – деп ойлады. – Көзім жетпейді, дегенмен тегін емес».

...Үш күн бұрын Шымкенттен Түркістанға шығатын даңғыл бойынан ер адамның мәйіті табылған. Трассадан жиырма шақты метр әріге сүйреп тастапты. Серейіп қатып қалған. Сот-медициналық сараптама оның бас сүйегі сынып, миы шайқалғаннан өлген деп қорытынды жасады. Басқа да сүйектері сынған. Қанынан спирт табылды. Соған қарағанда масайған адамдар төбелесіп қалған тәрізді.

Оразбек Ақылбекұлының Бейсенов атындағы Қарағанды академиясын бітіріп, Түркістан облыстық полиция департаментіне тергеушілік қызметке келгеніне екі-ақ жыл болған. Десе де, әжептәуір тәжірибе жинап үлгерді. Сонда байқағаны, қазіргі қылмыстың көбі арақтың кесірінен жасалады. Бармағын шайнап, маңдайын төпеп өкініп жататыны сауыққан соң ғана. Болары болып, бояуы сіңіп қойғасын өкінгеннен не пайда? Арақты есі кетіп ішкен адамның бәрі қылмыскер. Мас болу адамшылықтан ада болу деген сөз. Мұндай адам жыртқыш хайуанмен тең. Ал жыртқыш қашанда жыртқыштығын істемей тұрмайды.

Әуелгі күн мәйіттің аты-жөнін анықтауға кетті. Қалтасында құжаты жоқ. Іздеп келуші тағы бола қоймады. Бомжға ұқсамайды. Ақыры оның кім екенін саусағы айтып берді. Бармағының бедері мәліметтер базасынан табылды. Бұрын сотты болған. Аты-жөні Евгений Жиринов. Жетпісінші жылы туған. Тұрағы белгісіз. Туған ағасының мекенжайы жазылыпты. Юрий Жиринов «Самал-1» шағынауданында тұрады. Салып ұрып сонда жеткен. Үйден кеудесі жайқалған жалпақ бет қатын шықты.

– Евгений Андреевич сіздің кіміңіз болады? – деді бұл сыпайы сұрап.

– Қайным. Не болды? Бірдеңе бүлдіріп қойып па тағы? – деді жалпақ бет оның кім екенінен хабар беріп.

– Білмеймін. Маған қайда тұратыны керек еді.

– Сол алқашты түрмесіне тығып, көзін құртсаңдар бар ғой... біржолата, жүдә жақсы болар еді, – деді әйел жұлынып. – Осы арадан алыс емес. Хамитов көшесі. Отыз бесінші үй. Времянка жалдап тұрады.

Карина Николаевнаны, өз кабинетінде еңіреп отырған сүйір тұмсық қызды, сол мекенжайдан жолықтырған.

– Тексеру жүріп жатыр. Бұл үйде кім тұрады? – деді Оразбек темір қақпаны ашқан қызға.

– Мамам... сосын мен...

– Тағы?

– Өгей әкем. Болды. А-а, сосын қожайындар бар. Ата мен әже. Олар жоқ қазір.

– Папа-мамаң қайда? – деді олардың аты-жөнін жазып алып, діттеген жерге дөп түскенін білген соң.

– Мамам жұмыста.

– Папаң ше?

– Ол менің папам емес. Өгей... қайда жүр, білмеймін, – деді қыз жылтыраған жасыл көзін алып қашып. Алқаш неме жасқаншақ қылып тастаған-ау! Соған қарағанда, өгей әкесінің қаңғыруы бір бұл емес сияқты. Ол туралы қыздан жақсылап сұрап алу керек деп ойлаған Оразбек:

– Қазір бізбен бірге полиция бөлімі-не жүресің. Өгей әкең туралы сұрақтар бар, – деді.

– Қазір киініп шығайын, – деп, қыз қақпаны жауып алды.

Күн әжептәуір салқын. Ақпанның ызғары оңтүстікке де келген. Жанындағы жедел уәкілмен бірге аяғын аяғына соғып біраз тұрып қалыпты.

– Мына қыз кешікті ғой, – деді жедел уәкілдің бірі Заңғар қыз шыға қоймаған соң. – Боянып жатыр ма немене?

– Тез шық деп айтайық! – деді екінші бір жедел уәкіл Сұлтан қақпаны тартып көріп. – Жауып тастапты. Қашып кетіп жүрмесін.

Тағы бір жедел уәкіл Ақжол кісі бойы темір қақпаға өрмелеп шығып, арғы бетке секіріп түсті де, ілгекті ағытты. Ауланың сол жағында үлкен үй, оған қарсы времянка. Есігінде салпыншақ қара құлып көрінеді.

– Айттым, әне. Қашып кетіпті! – деді Сұлтан. – Көрші үйдің ауласымен кетті-ау деймін.

Міниіп келген көлікті дереу оталдырып, келесі көшеге айналып барса, қазір шығам деген қыз зымырап тайып барады. Жеңіл көлік сырғып келіп жанына тоқтады. Бұларды көрген қыз қайтерін білмей қипақтай қалған...

– Өгей әкең туралы айта ғой, – деді тергеуші полиция бөліміне келген соң. – Жоғалар алдында қайда болды?

Жауап берудің орнына қыз жылап жібергені...

***

– Ал айта ғой, – деді кабинетке оралған аға тергеуші жылы сөйлеп.

– Одан біз қорқамыз, – деді қыз өксігін баса алмай. – Қашан көрсең, мас. Қашан көрсең, айқай. Ұрады... тебеді. Күн бермейді. Мамамды да... мені де... Бір күні әдеттегідей ішіп алған, колледжге келіп тұр. Политехникалық колледжге. Былтыр. Мен бірінші курстамын онда. Балағаттап, айқайлады. Ұяттан өлдім. Содан бері қыздар менімен сөйлеспейді. Ұлдар да жоламайды. Әкесі сондай деп. Ол менің әкем емес. Мамама жабысып айырылмайды. Туған әкем өліп қалған. Мен мынадай... кішкентай кезімде. «Мама, алқаш неге керек саған? Таста. Қуып жіберейік!» десем, мамам қумайды. Кетіп те қалмайды. Дуалап тастаған мамамды.

Қыз кемсеңдеп, бөгеліңкіреп қалды.

– Үш-төрт жыл бұрын... анық есімде, мамам да ашуланып... кетем, бірге тұрмаймын деп айқайлап, заттарды шабаданға салып... сөйтіп жатқан. Анау сонда: «Егер кетсең, құпияңды ашам, сосын баратын жерің мынау», – деп саусақтарын тор қып айқастырып көрсетті. Мамам жым болды. Жылап жатып қалды. Содан бері мылқау сияқты мамам. Ана жылы... бала көтерген. Оны да түсіріп тастаған сол. Іштен тепті. Менің балам емес дейді. Мамам бәлніске жатты... емделіп әрең шықты. Сонда мен үйге келмедім. Мамамның құрбысының үйіне бардым. Мамам мынадай болып қалды... өлейін деп.

Саусағының «кішкене бөбегін» шошайтып көрсетті.

– Осы жақында тағы, ішіп алған... азанымен. Мамам екеумізді қуып жүріп сабады. Мамамның алқымына пышақ тақап... қабырғаға былай жабысып қалды мамам. Жа-ма-ан қиналдық. Сосын мамам көшеге қашып шықты. Мен де қашпақ болғанда... шап беріп ұстады... жібермей... – деп, одан әрі айта алмай, солқылдап жылап жіберді. Бірақ тез тиылып: – Зорлап тастай жаздады. Көйлегім жыртылды. Әрең дегенде сытылып қаштым. Курткам қалып қойған... аязда тоңып... мамамды таба алмай... досымның общагасына бардым.

Осылай деп қыз демін ішінен алып, тынып қалды. Көк көзін жұмбай, кабинеттің бұрышына бедірейіп қарады да отырды. Сірә, өгей әкесіне деген өшпенділігі өршіп кетсе керек.

– Ертеңіне үйге келсек... үйде жоқ. Кетіп қалыпты. Келмеді сосын.

– Өгей әкеңді біреулер ұрып-соққан. Өлтіріп мәйітін айдалаға апарып тастаған. Бір жағынан, маскүнем адамның өліп қалғаны да дұрыс болған шығар, – деді аға тергеуші Оразбек Ақылбекұлы оның жүзіне барлай қарап. – Біз мамаң екеуіңнен күдіктеніп отырмыз.

– Біздің қатысымыз жоқ.

– Ендеше неге қаштың бағана?

Қыз қайтерін білмегендей қипақтап отырды да, бетін басып тағы да еңіреп жылап қоя берді.

– Білмейміз! Біз білмейміз. Ештеңе білмейміз...

Солқылдап ұзақ жылады.

Сол түні үйде жалғыз түнеген Карина мамасының уақытша ұстау абақтысында отырғанын білмеді.

***

– Евгений Жиринов ұрып-соққаннан өлген. Кімнен күдіктенесіз? – деді тергеуші сауалды төтесінен қойып.

– Тіпті білмеймін. Күдіктенетін адамым жоқ.

– Үш күн өткенде естіп отырсыз. Жоғалды деп полицияға неге хабар бермедіңіз?

– Ол солай. Жоқ болып кетеді. Сосын өзі келеді бір күні.

– Жоғалардың алдында мас боп кеп, төбелес шығарыпты. Қашып құтылыпсыздар. Тіпті Каринаны зорламақ болыпты.

– Ах, жексұрын, сөйтіп пе ол?

– Сондай қорлыққа қалай шыдап жүрсіз? Неге ажырасып кетпедіңіз?

– Ішпесе жаман адам емес.

– Олай деп жақауратпай-ақ қойыңыз. Сіздің одан ажыраса алмайтын бір себебіңіз бар екен. Соны неге айтпайсыз?

– Тағы не шығардыңыз?

– Сіздің бір құпияңыз бар дейді. Ажырасам десеңіз, Евгений Андреевич сол құпияны жария қылам деп қорқытады екен. О не құпия?

Әйелдің көзі жыпылықтап кетті.

– Ештеңе... ештеңе емес. Еш құпиям жоқ.

– Жалтармаңыз. Бәрін айтуға тиіссіз. Шындықты бүгіп қалу жазаңызды ауырлата түседі. Жириновтың өліміне сіздің де қатысыңыз бар.

Наталья Михайловна отырған орнынан ұшып тұрды.

– Не деп тұрсыз? Қалай қатысым болады? Өз күйеуімді... өзім қалай өлтірем? Мен деген... кісі өлтіретін адам емеспін.

– Сабыр сақтаңыз. Біріншіден, ол сіздің күйеуіңіз емес. Некеде жоқсыздар. Екіншіден, ішіп келген сайын қызыңыз екеуіңізді сабайды. Қақаған қыста үйден қуып шығады. Қызыңызды зорлай жаздаған. Қорлау ғой бұл. Үшіншіден, ажырасып құтылайын десеңіз, ол сіздің әлгі құпияңызды жариялаймын деп қорқытады. Сондықтан сіз одан құтылудың басқа жолын таңдадыңыз. Қане, қалай болғанын ашып айтыңыз. Мен сіздің жазаңызды жеңілдетуге көмектесем. Өйткені сіз өз өміріңізді қорғадыңыз ғой.

– Жо... жоқ, – деді әйел. – Сіз маған олай жала жаппаңыз.

– Евгений Жиринов сол күні үйде болған. Ешқайда бармаған. Үй иесі шал мен кемпір сол күні кешке үйде төбелес болды дейді. Біреулер келген. Қақпа ашылып, аулаға машина кірді деп куәлік берді. Өздері қорқып шықпаған. Демек, оны өлтірген қызыңыз екеуіңіз. Басқа вариант жоқ. Қақпаны бөтен біреу кеп аша алмайды. Күндіз-түні құлыптаулы.

Әйел сұлқ түсіп отырып қалды да, басын шалт көтерді. Абыржу мен қобалжу кетпей қойған көзінен әлденеге оқталу көрінді.

– Мен, – деді дауысы тарғылданып шығып, – мен өзім өлтіріп қойдым. Қызымның еш қатысы жоқ. Қорлығы өтті. Үйге келгенімде пышақ ала жүгірді. Мен оқтауды сілтей бердім. Бір кезде ол қимылсыз қалды. Қызыма тиіспеңіз. Оның кінәсі жоқ. Ол әлі жас. Ол әлі өмір сүруді білмейді.

Әйел дір-дір етіп, басын бәйгеге тіккендей қапелімде өзгеріп шыға келді.

Мейрамкүл ҚҰРМАНӘЛИЕВА

(Жалғасы бар)

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі биылғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі:

Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №140 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің электронды нұсқасы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31